

ЖАРКЕНТ

Тәуелсіздік күнімен!

№22-23 (66-67),
16 желтоқсан,
бейсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

АҚЫРЫП ТЕНДІК СҰРАҒАН...



Өткен ХХ ғасырдың соңғы ширегінде, нақтылап айтар болсақ 1986 жылы Кеңес дәуіріндегі астанамыз Алматыда болған - Желтоқсан көтерілісі қазақ ұлты тарихындағы айшықты оқиғалардың бірі. Ол азаттық аңсаған қазақ жастарының КСРО билігінің отаршылдық бағыттағы саяси жүйесіне қарсы наразылық сипатында болған еді. Бұл қызыл

империя құрсауынан бостандыққа, саяси тәуелсіздікке ұмтылған қазақ елінің тегеуріні күшті бұлқынысы тас қамалдай болған Мәскеулік орталық биліктің шаңырағын шайқалтып, азаттық аңсаған басқа елдерге де үлгі, өнеге болды.

Осынау бейбіт, саяси сипатта басталған наразылық шеруінің негізгі себебі – тоталитарлық жүйедегі коммунистік

биліктің жергілікті автохтонды қазақ халқының пікірімен санаспағандығы. Және ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлт мәдениетіне, тілі мен тарихын жоюға бағытталған отаршылдық езгіге қарсылығының шегіне жетуінен туындаған еді.

(Жалғасы 6-7 бетте)

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ ӨЗІНІҢ ТАРИХИ БАҒАСЫН АЛДЫ МА?

Биыл еліміз Қазақстан үшін қастерлі екі тарихи күнді атап өтеді. Біріншісі – Қазақстан аспанында Тәуелсіздіктің көк туын жел біреткеніміздің 30 жылдығы болса, екіншісі Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі жұртшылық жадынан өшпек емес. Өйткені, бүгінгі егемен еліміздің ғасырлар бойғы аңсап келген тәуелсіздігіне қол жеткізуіне жастардың сол бас көтеруі себеп болған ақиқат еді. Одан бері де отыз бес жыл уақыт өтті.

Жыл сайын, 16-шы желтоқсан күні – біз бүкіл ел болып, тәуелсіздік күнін, сән-салтанатты іс-шарамен, мерекелік кештермен атап өтеміз. Алайда, 1986 жылы дәл осы 16-шы желтоқсанда қаншама жүрегі қазақ деп соққан бауырларымыздан айырылған күн екендігінде ұмытпағанымыз жөн. Бүгінгі күні, дәл сол мерекелік көңіл-күйдің әсерінен 1986 жылғы қаралы күн жадымыздан өшіріліп келе жатқандай. Әрбір жүрегі қазақ деп соққан адамға белгілі ғой, қазақ еліне Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ.

Ал бүгінгі Тәуелсіздігімізді бірегейі осы – Желтоқсан оқиғасы емес пе...? Дәл осы желтоқсанда империя бодандығына қарсы бұлқынған намысшыл жастардың арқасында қазіргі тәуелсіздігімізге қол жеткізіп отырмыз. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды желтоқсан оқиғасының қатысушыларының ерліктері уақыт өткен сайын жадымызда жаңғыруы тиіс.

Еліміз 16-17 желтоқсанды ресми түрде тәуелсіздік мейрамы етіп жариялады. Сондықтан 16 желтоқсанның қасыретті күн екендігін жадымызда сақтап әрі Тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы талпыныстардың акталған күні екендігін сезінуіміз қажет. Бұл күні кара жамылып отыру орынсыз. Сол себепті де әрі арманға қол жеткізген күн деп шаттық ретінде атап өтіп, екінші жағынан Желтоқсан құрбандарына да тағзым ете жүруіміз керек.

Біздің арымыз да, намысымыз да, мақтанышымыз да – Желтоқсан!

Жадыра ЧАНБАЕВА,
«Жауынгерлік Даңқ»
музейінің қызметкері.

ДАЛА АКАДЕМИКТЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

Жаркент қаласындағы аудандық №1 спорт мектебінде «Nur Otan», еңбек ардагерлері, жастар ресурстары аудандық ұйымдарының бастамасымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында кезінде еліне және өндіріске сіңірген ерен еңбегімен дала академиктері атанған шаруашылық басшылары Ыбрайымжан Қожахметов пен Нүсіпбек Сауранбаевты еске алуға арналған волейболдан өңірдегі спорт ардагерлерінің турнирі өткізілді. Біріншілікке Жаркент қаласы мен 10 ауылдық округ командалары қатысты.

Әнұран шырқалып басталған ойынның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Талғат Нұрмолдаев, облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, осы жарысты ұйымдастыруға атсалысқан аудандық еңбек ардагерлері ұйымының төрағасы Токтарбай Керімқұлов, дала өндірісі даналарының ұрпақтары Тұрсын Ыбрайымжанұлы мен Баян Нүсіпбекқызы сөз сөйлеп, Тәуелсіздік тойымен астасқан спорттық шараның маңызы мен мәнін қатысушыларға айшықтап жеткізді. Жарысқа қатысушы командаларға жеңіс тіледі. Сонымен қатар өткен ғасырдың 60-90 жылдарында шаруашылық басқарып, өз ауылдарының әлеуметтік, экономикалық өсуіне ерен еңбек сіңірген Ыбрайымжан Қожахметов пен Нүсіпбек Сауранбаевтың өмірбаяны мен ерекше ұйымдастырушылық қабілеттерін жарысқа қатысушы жастарға үлгі-өнеге етті.

Тартысты өткен доп додасында ойын шеберлігімен үш команда суырылып алға озып, бірінші орынды Жаркент қаласының, екінші орынды Үлкеншыған, үшінші орынды Талды ауылдық округтерінің командалары жеңіп алып, жаркенттіктер жұлдеге тігілген 200 мың теңгені, үлкеншығандықтар 150 мың теңгені және талдылықтар 100 мың теңгені иеленді. Сонымен қатар жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, аудандық Дене шынықтыру және спорт бөлімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Бірқатар үздік ойыншылар да ақшалай сыйлықтар мен Алғыс хаттарға ие болды.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ,
Жаркент қаласы.

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

Құттықтаймыз!

ӘРІШТЕСТЕРІМІЗ МАРАПАТТАЛДЫ



Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Алматы облысы, Панфилов аудандық әкімдігінде әр сала бойынша өңірдің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан 30 азамат «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атағымен марапатталды. Олардың ішінде «Жаркент айнасы» газетінің Бас редакторы, белгілі ақын, ҚР Білім беру ісінің озық қызметкері, тарихшы Солтанаев Молот Мұсаұлы да бар.

Солтанаев Молот Мұсаұлы 1950 жылы 12 қыркүйекте Алматы облысы Панфилов ауданы Қорғас ауылында дүниеге келген. 1981 жылы Қазақ мемлекеттік С.М.Киров атындағы университеттің тарих факультетін бітірген.

1999 жылдан бастап Алматы облысы Панфилов ауданы Алматы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің директоры (2017) қызметін атқарған. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Құрмет грамотасымен», «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

Молот Мұсаұлы «Ауылым баурайында Бестөбенін», «Жүрегім құрақ жапырақ» атты жыр жинақтарының, «Тағдырлы тарихымның тұпқазығы» атты тарихи-зерттеу кітаптарының авторы.



Сондай-ақ «Жаркент айнасы» газеті Бас редакторының орынбасары Ибрайымжанов Қали Тұрдығазыұлы ҚР Президентінің 2021 жылдың 2 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Ибрайымжанов Қали Тұрдығазыұлы 1966 жылы 9 ақпанда Жаркент өңірінің Лесновка ауылында дүниеге келген. 2006 жылы Түркістан қаласындағы Қазақстан – Ресей университетінің тарих және география факультетін бітірді.

Қали Тұрдығазыұлының «Тұлпардың тұяғымен жазылған тарих», «Жаркент өңірі: өткені мен бүгінгі», «Мұқай батыр» атты кітаптары жарыққа шыққан.

Қазақстан Республикасының дамуын, елдің өркендеуі жолында ауыл имамының орны қашанда бөлек, абройы биік. Халық еңбекке бейім болса, ел ырысқа кенеліп, өзгелермен терезесі теңеліп, бай-қуатты, бәсекеге қабілетті мемлекет болып нығаймақ. Әрбір азамат «Қазақстан менің отаным, менің елім» деген ұранның маңайына топтасуы керек деп ойлаймын. Осындай азаматтың бірегейі Үшарал ауыл әкімшілігіне қарасты Үшарал ауыл имамы, Үшарал орта мектебінің түлегі, Алматы қаласындағы Діни университетті толық тәмамдаған Жанбырбаев Дәурен Оразалыұлы жөнінде халыққа таныстыру азаматтық парызым деп түсінемін.

Үшарал ауыл мешіті алғашқы аудан көлемінде 1992 жылдың екінші жартыжылдығында пайдалануға берілді. Мешіт салғызуға сол кездегі Үшарал колхозын басқарған басқарма төрағасы Нұрсейіт Сауранбаевтің еңбегі ерекше болды. Алматы облысы бойынша депутат болып қызмет атқарған кезде шешімі шешілмейтін істерді аудан басшыларына айтып түсіндірудің арқасында Үшарал ауылы орталығында мешіт құрылысы аяқталып, ашылу салтанатына қоғам қайраткері, жерлесіміз Қуаныш Сұлтанов қатысып, 1992 жылы маусым айында ашылған болатын. Содан бері 30 жылдан асқан мешітте ауылымыздың бірнеше имамы дін жөнінде насихаттап қызмет атқарды. Атап айтар болсақ: Қапалов Аманбай, Тойшыбеков Айтахын, Барахов Тұрсынмәмет т.б. Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығына тарту есебінде Дәурен халықты ұйымдастыра білуінің арқасында Үшарал ауылы азаматтарының, кәсіпкерлердің көмегімен, мектеп түлектерінің 20-30-40 жылдығы кездесуі кездерінде түсіндіріп айтуының арқасында мешіт жанынан 400 орындық Хатымхана жасауды қолға алып, айналасы

ЕЛ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАН АЗАМАТТАР



екі жарым жылдың ішінде толық аяқтап, 2021 жылдың қазан айында ашылу салтанаты аталып өтті. Алдыңғы қатарлы жеке шаруа қожалық иелері Белесбаев Дәулет, Әбимолдаев Жұмабек, Тайталиев Жұмабек, Тойбеков Бекбол, Алмабаев Айбол, Молдабеков Жайлау бір-бір жылқы, сиыр-бұқаларын өздері әкеп мешітке тапсырды. Көп түкірсе көл деген, бас-аяғы 10 млн. теңгемен келешегі зор істі жүзеге асырған ауылымыздың имамы Оразалыұлы Дәуреннің еңбегіне тек жеміс тілейміз. Дәурен енді жалғыз басты аналарға арнап екі үй құрылысын аяқтап, кілтін табыс етуді алдына мақсат етіп отыр. Іске сәттілік тілейді ауыл ақсақалдары. Ауыл жастарының діни сауатын ашуға мешіт ішінен орын ашып қойды. Келіп білім алам деген жастарға қашанда есік ашық. Қызылжиде, Ақарал, Үшарал ауыл ақсақалдары атынан алғыс білдіреміз.


Екінші бір кейіпкеріміз Керімбаев Әбілда Төлепбергенұлы. Ол 1962 жылы Көктал селосында дүниеге келген, әкесінен жастай қалып жетім өседі. 1968-1978 оқу жылында Үшарал орта мектебінде білім алған. 1978 оқу жылы біткеннен кейін Үшарал ауылында құрылыс бригадасында құрылысшы болып еңбек жолын бастайды. Азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін Талғар қаласындағы техникумды аяқтап, инженер-электрик мамандығын алып шығады. Жолдамамен Целиноград қаласындағы ЦелЭлеватор Мельмонтж мекемесінде мамандығы бойынша электрик-механик қызметін атқарады. 1987 жылы еңбектен қол үзбей Алматы қаласындағы Энергетикалық институтты сырттай оқып, 1993 жылы толық аяқтап шығады. Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Сельхоз-Энерго» мекемесінде қатардағы мастерлік

атағынан бастап, өндірістік техниканың басшысы қызметін абыроймен атқарды. Қызмет бабымен Алматы қаласына ауысып, Тресс ППКС қарасты УПТК бірлестігінде бас энергетик-инженер қызметін 1995 жылға дейін абыроймен атқарады. 1998 жылы ГазМаркет мекемесінде, Алматы қаласында коммерциялық директор қызметіне басшылық жасайды. Бұл күнде отбасы Алматы қаласында тұрады. 2002 жылдан бүгінгі күнге дейін ЖШС «Наз» мекемесін құрып, Алматы облысы бойынша басшылық қызметін атқарып келеді. Ел қатарлы Үшарал ауылы Жаман-бұлақ жерінде жеке шаруа қожалығын құрып 250 бас ірі қара, бір отар қой, 50 бас жылқы бағып, өзімен өзі еңбек етіп жатқан Әбілда інімізді Үшарал ауылы, ауыл әкімшілігі түгелдей сыйлайды. Адал еңбек адамды тек бақытқа жетелейтінін осыдан-ақ аңғаруға болады. Ал, енді таңның атысы, күннің батысына қарамай еңбек етіп, қарақан басының қамынан гөрі халқының, айналасындағы жандардың қамын жеген азаматтар қашанда құрметті. Бір сөзінде Әбілда Төлепбергенұлы: «Әбдірахым аға Үшарал ауылы қашанда менің алтын бесігім» деп еді. Соған дәлел Үшарал ауылында 2021 жылы құрылыс магазинін ашып, қазан айында лентасын киноға Үшарал ауыл әкімі Жанғазиев Танатар, ауыл ақсақалдар алқасының төрағасы Ибрайымов Талғат, ауыл қариялары Деденов Жұмағұл, Мейірбеков Әбдірахым және өзінің еңбектес достары, туыстары қатысқан болатын. Құрылыс магазинде құрылыс тақтайлар, шифрлар, авто бөлшектер, дөңгелектер т.б. керекті заттар сатылып жатыр.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына тарту етіп отырған ауылымыздың тумасы – Дәурен мен Әбілда ініміз сияқты ауылына өз үлестерін қосатын жастар барда еліміздің келешегі кемел боларына кәміл сенеміз. Еңбектеріне тек береке тілейміз.

Әбдірахым МЕЙІРБЕК ТЕГІ,
еңбек ардагері – зейнеткер,
Үшарал ауылы.

ҮСЕК ӨЗЕНІНІҢ БОЙЫНДАҒЫ ТАҢБАЛЫ ТАСТАР



Қазіргі таңдағы бейнелеу өнерінің бастауы болып саналатын, тасқа салынған суреттер адамдар мен жануарлардың қозғалыстағы қашалып, сызылып салынған бейнелерін және көне түркі жазуларын құрайды. Жазба дерек көздеріне сүйенсек, қозғалыстағы аң бейнелері қола, сақ кезеңдеріндегі халықтың тұрмысы мен өмір сүру салтынан сыр шертеді. Сонымен қатар бұғы, қабан, таутеке, бұқа, құлан бейнелері топталып аң аулау сәтін суреттесе, жылқыны қолға үйрету, екі дөңгелекті арба жегілген түйе сияқты көріністер өте ертеде бедерленген. Кейінгі түркі дәуірінде жаңартылған кескіндер де кездесіп отырады. Әр сурет өзіндік мағына береді.


Қазақстанның петроглифті аймақтар тізіміне енген, зерттелмеген нысандардың бірі Жетісу (Жоңғар) Алатауының оңтүстік сілемдері – Токсанбай, Тышқан жоталарындағы мұздықтардан бастау алып, Бурақожыр маңында, Іле өзеніне құятын Үсек өзенінің орта ағысында, яғни Жаркент қаласының солтүстік таулы аймағына қарай 30 шақырым қашықтықта, Үсек өзенінің аңғарының шығыс жағында 1,5 шақырым аралықта таңбалы тастар көптеп кездеседі.



Көне дәуірден келе жатқан таңбалы тастарда ғасырлар бойы Қазақстан өлкесін қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары және тасқа қашап салынған өрнектер көптеп кездеседі.

Үсек өзенінің маңындағы жартастарда салынған суреттерде негізінен мағынасымен, тартымдылығымен ерекшеленетін сақ тайпаларының шаруашылығымен тікелей қатысы бар бұғы, тауешкі, жылқыға ұқсас бейнелер салынған. Олардың мән-мағынасы мен мазмұны Жамбыл ауданындағы Қарабастау тауындағы «Таңбалы», Құлжабасы тауындағы, Ескелді ауданындағы Ешкөлмес тауындағы палеомәдени сакральды орындар саналатын жартастағы суреттерден кем түспейді деп нық басып айтуымызға болады.

Суреттер шағын жартастар тақталарының Оңтүстік және Оңтүстік-батыс беткейлеріне, негізінен тасты қашау әдісімен салынған. Суреттердің арасында көне түркі жазбалары мен жануарлардың бейнелері көптеп кездеседі. Көп



бейнелі үлкен композициялар жоқ, ешкі және арқар тобының көріністерінде көруге болады.

Қазіргі кезде белгілі бір петроглифтің пайда болған уақытын дәл анықтап айтуға мүмкіндік жоқ. Алайда, тарихи мәліметтерге сүйенсек біздің жыл санауымыздан шамамен 2-3 мың жыл бұрынғы қола, сақ кезеңдерінің тасқа қашап салған суреттері деген болжам жасауға болады. Мұндағы тастағы суреттер қашау және сызу арқылы салынған.

Қорыта келгенде, Үсек өзенінің шығыс жағалауындағы таңбалы тастарына әлі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралап, жас ұрпаққа насихаттау мақсатында петроглифтерді сақтап, қорғап қалу басты міндетіміз!

Көркем РАХИМГАЛИЕВА,
«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейінің қор сақтаушысы.



ЖАС ҰСТАЗДАР БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымы мен Панфилов аудандық филиалы жанынан құрылған жастар Кеңесінің ұйымдастыруымен «Егемен елдің жастары» атты байқауы өтті.

Жас ұстаздар қатысқан шара барысында облыстық ұйымның төрағасы Мәліс Төлепбергенов барша кәсіподақ мүшелерін айтулы мерекемен құттықтады. 18-35 жас аралығындағы кәсіподақ мүшелерін қамтыған шараның мақсаты мен міндетін айтып, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Аталған шара бес кезеңді қамтыды. Алғашында ұстаздар өздерін таныстырып, туған өлкенің Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістігі, білім саласындағы өзгерістерді айтты. Екінші кезеңде қазақ еліне танымал ақындардың сөзіне жазылған патриоттық әндерді жанды дауыста шырқады. Ал, үшінші кезең тәуелсіздік тарихына негізделіп, командалар Елбасының өмір жолы, желтоқсан оқиғасына қатысты сұрақтарға жауап берді. «Тұлғаларды тани біл» кезеңі Алматы облысының танымал тұлғаларына бағытталды. Онда әр команданың көшбасшылары экранда берілген тұлғалардың аты-жөнін, атқарған қызметін жан-жақты баяндады. Соңғы кезеңде аудандық, қалалық филиалдардан келген командалар тәуелсіздікке арнаған жыр шумақтарын нақышына келтіре оқыды.

Шараның әділқазылар алқасы құрамында облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәліс Төлепбергенов, Панфилов аудандық филиалының жанынан құрылған педагогикалық

еңбек ардагерлері Кеңесінің төрағасы Молот Солтанаев, Ш. Байбатшаев атындағы орта мектебінің директоры Саулет Асанов, Абай атындағы орта мектебінің директоры Ұлмекен Жақыбаева, Д.Қонаев атындағы орта мектебінің директоры Айгүл Нүсіпқожаева болып, қатысушылардың жұмысына баға берді. Әр кезең 1-10 ұпай аралығында бағаланып, жеңімпаздар анықталды.

Үш адамнан құралған тоғыз команданың арасында жүзден жүйрік шығып, I орынды Көксу ауданы (Рауан Мырзахметов, Ильяс Закиров, Нұрлан Мамырбаев), II орынды Кербұлақ ауданы (Әсем Ильясова, Жаңыл Жұмағалиев, Оралбек Тұрысбеков), III орынды Қаратал ауданы (Мөлдір Мұхаметқалиева, Дастан Аршынбек, Әйгерім Тұрсынова) еншіледі.

Байқау соңында облыстық ұйымның төрағасы Мәліс Төлепбергенов және Панфилов аудандық кәсіподақ филиалының төрағасы Мақытбек Тұрлыбеков қатысушыларға алғыстарын білдіріп, жақсы тілектерін айтты. Жұлделі орындарды иеленген ұстаздарға облыстық ұйымның дипломдары мен Панфилов аудандық филиалының арнайы сыйлықтары табыс етілді.

Байқауға дейін жастар кеңесінің белсенді мүшелері Панфилов ауданындағы «Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер музейін және «Әулиеағаш» жеті ғасырлық тарихы бар киелі ағашты тамашалап қайтты.

Ұ.НҮРБАЙ,

«Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» ҚБ Панфилов аудандық филиалының маманы.

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде)

Жүздеген еркін ойлы жандардың санасын құрсаулап, тұтқындап, тергеп-тексеріп, түрмеге қамаққа алып, азапқа түсіріп, атып-асып, каторгаға айдап өмірін өксікпен өткізген, одан қалса көптеген жазықсыз адамдардың жанын зорлықпен алған саясат 1925 жылы Қазақстанды басқаруға келген Голощекиннің жүйеге енгізген «Кіші қазанынан» туындады.

Қызылдар орнатып жатқан тапсыз жана қоғамға ниеті қарсы деген себептермен ұлттың оқыған зиялыларын, ауылдағы ел арасындағы сауаттыларды, шала сауатты болса да шаруашылықтарды құруға белсенді кірісіп жүргендерді, мекемелердегі, оқу-ағарту саласының бас көтерген жетекшілерін қызметтерінен шеттетіп, құғынға түсіре бастады. Түрлі шаруашылық жұмыстарын жақсы ұйымдастырып көзге түскен, ауылшаруашылығын тиімді басқарып жүрген, көптеген алдыңғы қатарлы азаматтардың көзін жою жұмысы басталды. 1928 жылдан басталған Қазақстандағы ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу, іле қолға алынған қазақ шаруаларын жаппай ұжымдастыру кезіндегі шектен шыққан асыра сілтеушілік өзі ыныршағы шыққан елдің шаруашылығын күйзелтудің басы болды. Жергілікті жерлерде осы науқанға кедергі келтіргендерді тап ретінде жою жөніндегі «үштіктер» ұйымдастырылды. Жазалау шараларын партия мүшелері іске асырды. Байлар мен кулактарды тап жауы ретінде жою барысында қосақ арасында жүздеген орта шаруалар да осы саяси науқанға зорлықпен іліндіріліп кетті.

Күйзеліске түскен жеке шаруа қожалықтар қолдан жасалып отырған озбырлыққа шыдамай қарсы күресуге әрекеттенсе, кейбірі жерін тастап шет елдерге қаша бастады. Асыра сілтеу саясатына наразы болған қазақ шаруалары бар тапқан қаруларымен жарактанып атқа қонды. Көтерілісшілер кеңес және партия мекемелеріне шабуылдап, құжаттарды өртеп, қызметкерлерді қуып жіберді. Шаруалар көтерілісіне кей жерлерде тұрақты әскери бөлімдер жіберіліп, 1923 жылы арнайы құрылған Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) қызметкерлерімен тығыз бірлесе отырып жазалау шаралары аяусыз жүргізілді. Ұсталғандарды сол жерде сотсыз-тергеусіз жау деп тауып атып тастаған оқиғалар көптеп кездесті. Қарсыласуға шыққандардың дені, көтеріліске қатысқандардың көпшілігі тұтқынға алынып, айдау көріп түрме азабын тартты. Мұндай деректерді ел ішіндегі көкірегі ояу, көзі ашық азаматтардың аузынан көп естиміз. «Аталарымыз құғын көріп Қытай жеріне өтіпті. Шекарада тосып тұрған әскерлер қырғынға ұшыратыпты. Ұсталған адамдарды Жаркент түрмесіне жауыпты» деген әңгімелер қазірде құлағымызға тиіп жатыр.

Жаркент түрмесінде кеңестік саясатқа қарсы шықты деген тек осы өңірдің адамдары ғана емес, Қазақстанның өзге аймақтарынан да ұсталып әкелгендер қамалып кейіннен атылып кеткен. Нұркент қалашығына орналасқан «Құрғақ порт» мекемесінің бас инженері Жанат Досанұлымен осы бір қанды кезеңнің халыққа тигізген зардаптары жөнінде әңгімелесіп отырғанымызда өзінің осы өңірмен тарихи байланыста екендігін айтып қалды. Арғы аталары ағайынды Таңатар мен Таңбай, көрікті Тарбағатайдың екі бетін жайыла қоныстанған айтулы ауқатты адамдар екен. Елдің ішіндегі мыңғыртып қой қоралап, үйірлеп жылқы айдап, алдарына келе-келе түйе салған түгін тартсаң майы шығатын Байғожа, Ұзынбұлақ тауларын жайлап, қыста Үшбұлақ, Керегетас қыркаларын қоныстанып жүрген атақты бай адамдар аз уақыттың ішінде голощекиндік саясатпен қысымға алынып, бай-жуан зомагер ретінде зобалаңға ұрынады. 1890 жылдары туылған атасы Таңатарды көмпеске кезінде тігерге тұяқ қалдырмай тәркілеген. Ауылды айнала қоршап Таңатардың мал-мүлкін тізімдеп болған соң бәрін басқарып жүрген бастықтарының бірі алып кетпек болып Таңатардың сүліктей қара бәйге атына мінген екен. Құлын күнінен иесінен басқа

ЖАРКЕНТ ТҮРМЕСІ – ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР КУӘСІ



адамды маңына жолатпайтын, иесінен өзге ешкімді мінгізбеген қара ат мөңкіп-мөңкіп бастықты жерге бір ұрыпты. Жануардың тосын мінезіне түсінбеген әлгі басшы елден ұялғанынан намыстанып атты тізгінінен ұстап ұзын сойылмен тоқпақтай бастаған. Бұған қарап тұрып кісінеген атының қиналған үніне шыдамаған қарулы Таңатар бастықтың қолынан сойылмен жұлып алып «Бәрін алсаңда мұны ала алмайсың» деп оның өзін сойылмен ұрып түсіріпті. Қарақұсынан қата тиген соққыдан әлгі шалақ белсенді сол жерде тіл тартпай кетсе керек. Таңатар жүйрік қара атына мініп қашып кетіпті. Тау арасындағы қалың жынысты адам аяғы жетуі қыйын Алмалысай, Қараңғысай, Керегесай сияқты шатқалды жерлерді паналап тығылып 2 жылдан астам уақыт ұстатпай жүрген. Артында қалған оның ауылдағы туыстарының тау жаққа жиі барып тамақ тасып жүргенін көрген біреулер Таңатардың тығылған жерін өкімет орындарына айтып қойған болса керек. Өкіметтің көмеспекелеу саясатына қарсы шыққан, кеңес өкіметінің арнайы тапсырмамен жүрген белсендісін әдейі ұрып өлтірген деген айып тағылған Таңатарды ұстауға басшылықтың тарапынан бірнеше рет солдаттар жіберілген. Жер жағдайын жақсы білетін Таңатар құғыншыларды алыстан шолып, орын ауыстырып кетіп, ал олар жүр деген жерін таба алмай жер сипап қалып қайтатын. Тұйықсыздан кездесіп қалып қуғын бола қалған жағдайда жауларын сақланым атып, тасты тізесіне не кеудесіне тигізіп, аттан құлатып ұстатпай сытылып кетіп жүрген. Кейіннен көп адамдар жіберіп қаумалап ұстап, тұтқынға алынып, тергеудің азабын көрген. Қорлықты күндерден кейін сол кездегі қылмыстық істің баптарымен айыпталып, сотталып, жазасын өтеу үшін Тарбағатай өңірінен айдалып әкелініп КарЛага ұстаған. Қалай болғанда да КарЛагтағы сотталғандарды ату үкімі жүзеге асырылмайтын лагерге түскен Таңатарды айдап Жаркент қаласындағы орталық түрмеге әкелген. Атасы Байғожа елдің ала жібін аттамаған қажыға барған атақты қари иманды кісі болған. Жасынан әке тәрбиесінде өскен, арабша хат таныған көзі ашық, көкірегі ояу Таңатарды кеңестік саясат елге қызмет еткізбей, Жаркенттің түрмесінің астынан қазылған түнек жолмен жар жағасына жеткізіп атып өлтірді. Сонау Тарбағатай тауларында туылған Таңатар өзге өңірдің голощекиншілдердің жүргізген саясатына қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақшыл азаматтары сияқты зорлықшыл қызылдар саясатының құрбаны болып, нақақтан ажалын Жаркент жерінен тапты. Таңатардың артынан бауыры Таңбайды да бай тұқымның бірі деп дүниесін, мал-мүлкін тәркілеп соттап, 10 жылға жазасын өтеуге Сібірге айдаған. Азапты жылдарды бастап өткерген Таңбай ауылына аман-есен оралып 1976 жылы өмірден өткен. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ашылған шындық көздері халық санасын оятты. Қандай зұлымдық кезеңдерді бастап өткергеніміз қалың жұртқа белгілі болып, әлеуметтің назары қуғын-сүргінге ұшыраған бейқұна адамдардың тағдырын анықтауға

ауа бастады. Осындай кезде қоғамдық мәселелерге сергек қарайтын Таңатар мен Таңбайдың ұрпағы біз сөз етіп отырған ата аруағын қадірлеуші Жанат Досанұлы 80-ші жылдары Жаркентке келіп ескі мешітке құран оқытып, аталарына арнап ас берген.

Қазақ елінің билік басына келген қазақ зиялыларын құртудың жоспарлы түрде іске асырылуын жоғарыдағы сталинмен келісе отырып жүзеге асырған Мирзоян жүйесі де үздіксіз күнделікті жазалау машинасындай жұмыс атқарды. Шектен шыққан заңнан тыс әрекеттердің бәрі де түптеп келгенде таптық күрес деген желеумен бүркемеленген жаңа пиғылдағы отарлау саясатының жүзеге асырыла басталғандығының белгісі еді. Жазалау шараларының ең алдыңғы легіне ілінген Молдаш Тоғасов Алмалы ауылының тұрғыны. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны басталған кезде көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан шаруаларды отырықшылдандыру жұмыстарына араласқан азаматтың бірі. 1933 жылы 2 наурызда «халық жауы» деген жаламен ұсталып Жаркент түрмесіне қамалады. Алматы облыстық ішкі істер комитеті басқармасының үштігінің хаттамасымен РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-14, 59.9.10-баптарымен саяси қылмыс жасады деп нақақтан 10 жылға қоншагерге жазасын өтеуге кесіледі. Жазасын өтеп бітіргеннен соң саясаттың құрбаны болған М.Тоғасов ауылға оралмай, барған күнде де осы сотты болғанымен тағы да алдынан шығар, отбасыма зияным тиер деп мәңгіге Түмен ормандары арасында қалған.

Халқымыздың қоныстанған жері шекара түбінде болғандықтан Алмалы ауылынан шыққан белсенді азаматтарды ұстап оларға айып тағу онша қыйын іс емес еді. Қытайдағы адамдармен байланысы бар, олардың тыншысы, ар жаққа туыстарының өтуіне сыбайласты деген т.б. желеумен жала жабылып, тұтқындап түрмеге жаба салатын. Осындай айыппен ұсталған Оспанов Рақымжан тұтқындалғанға дейін Жаркент ауданы «Красный Октябрь» колхозының бастығы болып істеген. Сауатты азаматты 1932 жылы бандылармен қатысы бар деп 3 жылға кесіп, қайтып келгеннен кейін 1935 жылы партия қатарынан шығарып, Қытайдағы бай туыстарымен байланысы бар деп тағы да 3 жылға соттаған. Барлық сотты болған жылдарын Жаркент түрмесінде өтеген. Қудалау мұнымен де тынбай Алматы облысы УНКВД үштігінің отырысымен 1938 жылдың 15 ақпанында ату жазасына кесіліп, үкім 1938 жылдың 15 наурызында орындалған.

Токмолдаев Сембек те 1933 жылы әлеуметтік тегі байдан шыққан, шетелмен байланысы бар, Қытайға ел көшіруді ұйымдастырған, колхоз малын жаппай қырған деген айыппен ұсталып, партия қатарынан шығарылып сотталған. Жаркент түрмесінде отырып жазасын өтеп келіп қайтадан 1938 жылы 15 ақпанда өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізіп, зиянкестік жасады деген айыппен ату жазасы шыққан. Үкім 1938 жылдың 31 наурызында орындалған.

Алмалы ауылындағы алғашқы шаруашылықты басқарған Балғабеков Жақыпқа қатысты құжаттарда да жоғарыдағы азаматтарға тағылған келеңсіз айыптар бойынша соттаған. 1935 жылы әлеуметтік шыққан тегі бай болғаны, колхоздың шаруасын тоздырғаны, Қытайдағы байлармен байланысы бар деген кінә тағылып, тұтқындалып сотталған. Кейіннен жоғарыдағы жазалаушы «Үштік» орны 1938 жылы 15 ақпанда ату жазасына кесіп, үкімді 1938 жылдың 15 наурызында орындайды.

Мұрағаттағы сақталған қылмыстық істерде Меңлібаев Мәдиге тағылған айып төмендегідей. Тұтқындалғанға дейін «Қызыл Октябрь» колхозында қойма менгерушісі болған кезінде бидай ұрлап, жауапкершіліктен қорқып Қытайға қашып кеткен байдың тұқымы делінеді. Кеңес үкіметі сұрау салғаннан соң Қытай үкіметі ұстап, қайта өткізген. Жаркент түрмесінде осы істері үшін куәгер болған Ирагимов Ілгідаймен бірге отырған. 1937 жылғы қаңтарда басталған сот ісі 7 сәуірде аяқталған. Сол жылдың қазан айында Әскери Трибуналдың үкімімен бас бостандығынан айырылған.

Ирагимов Ілгідай қылмысты деп табылып Жаркент түрмесінде қапаста отырып Алматыға жеткізіліп одан 10 жылға сотталып жазасын Қолымада өтеп келген.

Кеңес үкіметіне қарсы құрылған қазақтың ұлттық ұйымында болып кеңес үкіметіне қарсы зияндық жүргізді деген жала жабылған Құншанов Рамазан УНКВД үштігінің отырысымен 1937 жылы 29 желтоқсанда ату жазасына кесіліп, үкім сол күні орындалған.

Осындай күйді Арыстамбаев Исабек те басынан өткерген. Білімі жеткілікті азамат колхоз басқарып жүрген кезінде зиянкестік жасаған деп айыпталып, 1939 жылдың мамырында 15 жылға бас бостандығынан айырылған. И.Арыстамбаев туралы мұрағат деректері мүлдем жоқ. Үкім шығарылып атылғаны, не айдалып кеткендігі, өлгендігі жөнінде мәліметтер келтірілмеген.

Осы аталған ауыл азаматтарының арасынан саяси қылмыс жасады деп негізсіз айып тағылған Садықов Қожахмет 1937 жылы 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Жоғарғы органдарға хат жазып жатып 1939 жылы тұтқыннан босатылып, ақталып, аман-есен елге оралған. Бұл жазықсыз айыпталып сотталып атылған, әртүрлі жылдарға айдау жазасына кесілген адамдардың барлығы да Жаркент түрмесінің қараңғы қапас камераларында үкім күтіп, өмір сүруден үміттерін үзіп сарғайып жатқан. Айтып өткен азаматтар зұлымдықпен ұйымдастырылған қанды құйынға тікелей ұшыраған тек бір ғана ауылдың жандары. Аудан көлеміндегі қуғын-сүргінге ұшыраған кеңес-партия қызметіндегі азаматтардың ұсталған жылын, аты-жөнін, қандай айып тағылды, қай жерде айдауда, түрмеде болғандығын келтірсек жүздеген том қағаз толтырылар еді.

(Жалғасы бар)

Молот СОЛТАНАЕВ.

Атыжөк тауының кезеңінде
Көсіп аққан Көктерек өзенінде.
Тарих жатыр толықсып шежірелі,
Өргенердей күн шығып өзегінде.

Қапталында Қойбынның қойтастары,
Көріктеніп қойтастар ойқаптады.
Ойпырай! Мынау жапа дүние,
Омыраулатқан жаныма ой тастады.

Жүрегім тұр шымырлап, сырға батып,
Әкелердей туатын жырға бақыт.
Атыжөк тауының биігінен,
Жібермесе болғаны сырғанатып.

Үңілемін таудағы тасына да,
Кұрдас шығар бірнеше ғасырға да.
Табиғаттың жылжымас мүлгі ғой,
Мен үшін ол қозғалып асыға ма!

Аққұм жатыр көмкеріп етегінде,
Өркеш-өркеш құм төбе жетегінде.
Көктеректің өзені көпіршиді,
Деп ойланып, Ілеге жетемін бе.

Көрінетін Сексеуіл айбарлы боп,
Борансыз түн тұрады жайдарлы боп.
Суанның бір қосыны мекендеген,
Ақ құмды алқап атанды Айдарлы боп!

Қара нардай сырласып бекем белмен,
Борышым көп, ойланам, өтелмеген.
Бұрындық Суаннан шынымды айтсам,
Төре, Қожа бұл жерді мекендеген.

Кетпеген ырыс жерден, өріс малдан,
Кенде емес бетеге бет қорыс талдан.
Өзеніне Көктерек ат суарып,
Тезек Төре біраз жыл қоныстанған.

Күнә емес тарихтан сыр, ой алғаным,
Бәрібір не алсам да тоя алмадым.
Жөн шығар жер тарихын жиып қойып,
Ақынды сүйген қызға оралғаным.

Мың тоғыз жүз қырық бір – қайғылы жыл,
Сұм соғыс басталған сол әйгілі жыл.
Мен жырлаймын ақынды сүйген қызды,
Жазбаймын өлең етіп, қайғылы жыр.

Айдарлының жазықтау беткейінде,
Бықыбай ашасының көктеуінде.
Бір ару қыз өмірге келді інгәләп,
Қырық екінші жылдың көктемінде,
Ақынды сүйген қыз осы.

Арайланып атыпты ақ таң қырдан,
Дәл сол мезгіл немістер қақпан құрған.
Ару туып жатқанда қыз әкесін,
Қош айтып, сұм соғысқа аттандырған,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Жұмбақ қызға әкесінің бейнесі де,
Сағыныш пен өкініш кеудесінде.
Әкенің өзі тұрмақ қалған екен,
Ең болмаса ніскемей жейдесін де,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Қуанышты қайғысыз таң атырған,
Көк жиекті көмкертіп күн батырған.
Сақынның құшағында тербетіліп,
Жарасбектің қанынан жаратылған.

Ару қалды ананың құшағында,
Ана қалды қайғының тұсауында.
Күлді алдымен, сонан соң еңбектеді,
Балапандай талпынған ұшарында,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Ана қыран аруды аялады,
Мейірімін, ақ сүтін аямады.
Күндіз жұмыс, құшақтап түнде сәби,
Кейде жылап бесікке таянады,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Көрсетпеді анасы жетімдікті,
Жерге көміп тастады жесірлікті.
Екі ұлы мен бір қызын мөпеледі,
Көрсетпеді кербездік, кесірлікті.

Өсті ару тұлымын желбіретіп,
Анасының жүрегін елжіретіп.
Аққұбаша, бидай өң, текті қыз деп,
Айтады екен сол кезде, ел жыр етіп,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Үлгі-өнеге алыпты анасынан,
Қорғалдықты алыпты ағасынан.
Ерке етіп өсіріп, кем көрмепті,
Көздерінің ағы мен қарасынан,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Мұңайып жесірмін деп жасымаған,
Болсын деп бауырым бүтін, басым аман.
Шөп шауып, шөмелелеп, орақ орып,
Қорғаштап, ұл-қыздарын асыраған.

Жоқшылық таршылыққа дес бермеген,
Елікпей ессіз сөзге, ескермеген.
Тағдырдың тауқыметін арқалап ап,
Өз көшін өзі бастап, төске өрлеген.

Аңсайтын азап күннің жылы таңын,
Өмірдің бірі берім, бірі салым.
Арқалап отын тасып шаңырағын,
Сексеуіл қызуымен жылытатын.

Өтті уақыт, сұм соғыс аяқталды,
Өмірдің қайта гүлдеп абаг бағы.



Ақынды сүйген қыз қандай...

Азаматтың оралды тірілері,
Қолы шолақ, жоқ болып аяқтары.

Соғыстың қараңғылық күні батты,
Ақ таңы Айдарлының күліп атты.
Женіс, жеңіс, жеңіс – деп айқайлаған,
Естіледі хабардың үні қатты.

Сансыз жетім, кемтар мен жесір қалды,
Жазбаған пешенеге есімді алды.
«Бөрі арығын білдірмес» дегендей-ақ,
Не болмаса өмірде өсім қалды.

Қайғылы жүрек ауырды да, сыздады,
Сыздады да жылынбады, мұздады.
Сол миллион жетімдердің бірі боп,
Қарақат көз ақынды сүйген қыз қалды,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Кім шектейді тағдыр берген үлесті,
Көңіл қаяу, көкірегі сыр есті.
Ақыл кірді, ой арқалап өрнекті,
Жеңу үшін қыз тағдырмен күресті,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Бықыбайдың ашасы, бабасымен аттасы,
Көктеректе көпіріп, жылтылдайды ақ тасы.
Ойлайды қыз күн-түні, армандайды, аңсайды,
Ашылса да бақыт боп, болашақтың қақпасы,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Алсам дейді бақытты өмір берген үлесті,
Балалық сезім жетіліп, балауса болып қыз өсті.
Айдарлының ақ гүлі, Көктеректің көк гүлі,
Сияктанып ақ құмда ақынды сүйген қыз өсті,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Атыжөктың жайқалған жасағалы беттері,
Қызғалдағын теруге, беткейге қыз беттеді.
Шұғындық гүл құлпырып, тобылғыдай
толысқан,
Жауқазыны секілді алаулайды беттері.

Теріп жеді таңқурай, сарымсағын сағынып,
Аралады қойтасты жатпаса да сарылып.
Табиғаттың шуағы тербетті қыз бұрымын,
Көрген емес самалы, аймалаудан тарылып.

Көрді кезіп қой тастың адыр-адыр шатқалын,
Көктеректің қызықтап сақ-сақ күліп жатқанын.
Сезді ме екен қыз ғұмыр, ақынды сүйген қыз
сонда,
Көкірегінде бір шуақ, арай таңы атқанын,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Бір төбеде айқайлап, Аққұм жатыр ысқырып,
Қарашаның қарындай, борандатқан үскірік.
Бүлдірегін теріп жеп, алма-өрігін етектеп,
Ақынды сүйген қыз оны елемейді пысқырып.

Шуақ сүйген жарқырап, күлімдейді айқабақ,
Көктеректің толқыны, самалы тұр аймалап.
Қанат қағып қарлығаш, ұшатындай ілгері,
Үміті мен арманын жігеріне қайрап ап,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Бұлттан шыққан күн нұры, жылытады жүректі,
Бұрымына қол созып, аймалап ақ білекті.
Жанарынан от шашып, кең дүниеге серпіліп,
Асау жүрек бұлқынып, аққу кеуде дір етті,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Жиде ісі аңқыған, көкірегін кернейді,
Сүмбі талдар сынсыған, жанға тыным бермейді.
Алаңдап көшкен бұлтқа да, айналсын абайлап,
Ақынды сүйген қыз неге таңқурайды термейді?

Туған жерді қастерлеп, табиғатқа тамсанып,
Сағынышы тұратын секілденіп ән салып.
Менің туған елім деп, менің байтақ мекенім,
Деп тұратын мезгілі көк аспанға жар салып,
Ақынды сүйген қыз осы.

Көктеректің өзені кететіндей қарсы ағып,
Көшіп-көшіп таусылып қалатындай барша бұлт.
Оралғанда ауылына Сақын ана секілді,
Туған жердің ақ таңы тұратындай қарсы алып,
Ақынды сүйген қыз осы.

Әуауағына сиынып, есіне алып бабасын,
Күнде барып қызықтап, Көктеректің жағасын.
Мөлдірінен сіміріп, тал бойына сіңіріп,
Жазғандай болып қалады жүрегінің жарасын,
Ақынды сүйген қыз осы.

Бықыбайдың сүйсініп, күмбезіне қарайды,
Сол бабаның бойынан шапағаты тарайды.
Туған жердің тал түскі ақ шуағы аймалап,
Ақынды сүйген қыз сонда қолаң шашын тарайды.

Қайтпай қалған соғыстан, әкесінің бейнесін,
Алағызып сағынып, мұң басады кеудесін.
Анасынан сұрап ап, соғыста өлген әкенің,
Сағынышың басады, ніскеп-ніскеп жейдесін,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Қабағына қарайды жұмыстан келген ананың,
Маңдайында табы тұр, жүректен қалған жараның.
Аялайды анасын, сезінеді қайғысын,
Қабағына мұң қатып, қалғандай кен даланың,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Самаурынға от салып, сақырлатып қайнатып,
Дастарқанды қоятын барыменен жайнатып.
Оралғанда қырманнан, анасын солай күтетін,
Күн шықпай кетіп, келгенде қараңғы түсіп ай
батып,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Құм үрлеген Аққұмнан, арқалап отын тасыған,
Ананың жаны жаралы, жылаған-ды жасынан.
Табамен нан пісіріп, қаймақ шайқап, май алып,
Ақынды сүйген қыз сонда, табылатын қасынан.

Бауырлардың еркесі, анасының сырласы,
Пешенеден белгілі, сырластың бірге тұрмасы.
Пейіліне қуанып, мейіріміне жылынып,
Ана емізген ақ сүттің тандайында тұнбасы,
Ақынды сүйген қыз қандай, жырлашы ақын,
жырлашы!

Қанатында сыр кетті, Іледен ұшқан аққудың,
Ыстығы қалды жүректен, Айдарлыда
Аққұмның.
Талай күнін батырып, талай таңын атырды,
Қыз осылай бойжетті, алдан күтіп бақ гүлін,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Аңсады қыз, аңсады, сусындады біліммен,
Сыңарындай егіздің, білімді адам ғылыммен.
Ашылмаған жаналық, жасырынған жұмбақ сыр,
Білімдінің лақтырған шалмасына ілінген.

Атыратын көз ілмей, ойға батып ақ таңды,
Елес болып қалатын, кей қиялы жаттанды.
Толықсыз орта тамамдап, білім іздеп қалаға,
Ой арманын арқалап, оқуға қыз аттанды.

Ақ батасын анасы, беріп тұрып күлімдеп,
«Алдыңнан жарық күн шықсын, болсын шуақ
күнің көп.
Қыз босаң да мен сені, көкірегімде сақтаймын,
Қарашығы көзімнің, әкеден қалған ұлым», - деп.

Шарықтады асқақтап, ұшқыр қиял,
көкке арман,
Баркөрнеудің самалы, аймалап кеп өтті алдан.
Институтыңды ысылып, өзін-өзі пысырып,
Атындағы Абайдың, білім алды Көкталдан.

Аяқтауға мектепті, жоқ болатын тұрағы,
Көп қинады жас қызды, жоқ тұрақтың сұрағы.
Өз еркімен ауысып, Алтынсарин мектепке,
Жетімдерге арналған интернатта тұрады,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Жаңа мектеп, жаңа ұстаз, жаңа сынып,
Керек болды жас қызға жарасымдық.
Он бес бала, он бес қыз – үлкен орта,
Кету қиын балдай боп, судай сіңіп.

Жадына сақтап, қайталап, мұғалімнің дәрісін,
Мұқияттап тындырды, оқуын да әр ісін.
Ә, дегенде байқады зерде менен зейінін,
Шамалады өзінің, шалысын да алысын.

Мұғалімнің дәрісін, бар ынтамен тындайтын,
Тапсырманы күн-түні орындамай тынбайтын.
Сезімталдық, сезгірлік, бір өзіне серік боп,
Есер сөзге елігіп, оған мойын бұрмайтын,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Кітап көрсе бас алмай, оқитұғын зерделеп,
Тосын мінез аңғарса, сөз қататын пернелеп.
Инабатты, ибалы, болып өскен жасынан,
Ренжітпейді достарын, табылатын қасынан,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Өткір сезім жарасып, тұратұғын өзіне,
Орын беріп кеудеден, тұрақтылық төзімге.
Ар-ұят пен намысты анасынан дарытқан,
Қырға барып гүл терген, балалық шақ кезінде,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Арқадағы қос бұрым, алты өрім қамшыдай,
Қара көзі жалт етсе, алмас түсті тамшыдай.
Аққұбаша, бидай өң, қынама бел бұралып,
Құдай берген сымбаты ормандағы талшындай,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Ұстаздардан үлгі алып, жүрді жаны шаттанып,
Оқудан тыс мектепте, қоғамдық жұмыс атқарды.
Затында жоқ болатын дәрежелік, заңқойлық,
Ананың айтқан ақылы, жүректен қалған сақталып,
Ақылды сүйген қыз сондай.

Өмірден нақты нәр алып, сарайын ашты жүректің,
Білімнен іздеп бақытын, күшіне сенбей білектің.
Интернат болды тұрағы, жататын орын, ас дайын,
Арманы еді аңсаған үкідей қыз түлектің,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Қант қосқан қара шай, балдан тәтті көрінді,
Интернатта өткізген ойлап кетсе өмірді.
Тілім-тілім қара нан, хан тамағы секілді,
Еске алатын қыз сонда есік пенен төрінді,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Аңсары ауып кететін, сағынғанда анасын,
Аралап келіп тұратын, Айдарлы кең даласын.
Ұйқыға кеткен шағында, түсінде көріп жүретін,
Соғыста өлген әкесін, Бақыбайдай бабасын,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Араласты, сырласты құрбылармен сыныптас,
Дастандарды жаттайтын, жасырын қалған жыр ұқсас.
Би биледі, ән салды, қабырға газет шығарып,
Интернат пен мектепте қасиет бар бір ұқсас,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Әнші қыз да атанды, биші қыз да атанды,
Озат оқып оқуын, ұстаздардан бата алды.
Ақша қар боп киініп, жаңа жылды қарсы алды,
Өзі оқитын мектепте Ақша қар қыз атанды,
Ақынды сүйген қыз сондай.

Айдарлым менің бір жұртым

Жастық-ай, шіркін, жастық-ай,
көрсеткен өмір қызығын,
Баса алмай тұрмын сенсеңдер
денемнің мынау қызуын.
Еркелетіп өсірген Айдарлы алтын құмында
Қолтығында кетіп ем аққудай сұлу қызының.

Сексеуіл, жыңғыл, қамысты,
жиделі топ, тораңғы
Көлеңкесін көрпе ғып көрсеткен
маған жоралғы.
Шуырманды шулатып, жүрегімді тулатқан
Түндеріңді сағындым құм үрлеген боранды.

Ай, махаббат, махаббат
ашылар ма екен жұмбағың,
Ашылсын десе, халайық,
ақынды қәне тындағын.
Айтылған нәрлі сырларым,
Айдарлы менің жыр бағым
Махаббаттың бесігі тербеткен
мені құндағым.

Беретін маған ежігей, ірімшік, қатық, май,
құрттың
Қайда екен енем Сақынтай көрінсе шіркін бір
дүркін.
Өркендетіп өсірген, еркелікті көшірген
Жәдігер деген бір ел бар осында менің бір
жұртым,

Табылар ма екен құмдардан іздесем
менің таңғы ізім
Махаббатың сыйлаған сағыныш
етіп жанға үзім.
«Жасында қалай болды» деп
елуден асқан шағымда,
Жездесін сынап жайрандап
отырған шығар балдызым.

Жастық-ай шіркін, жастық-ай
жасырғанменен қызуын,
Өртеніп барам баса алмай
денемнің мынау қызуын.
Аққұмнан қашқан еліктің құралайы секілді
Сыңары боп кетіп ем Рысжандай қызының.

Әдепхан ТӨРЕХАНУЛЫ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.

ОТТЫ ЖЫРДЫ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН



Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерекесі қарсаңында, Жаркент қаласында Болат Құрсақбайұлының «Тәуелсіздік тұғырым» атты шығармашылық кеші болып, «Ақжауын» жыр жинағының тұсауы кесілді. Бөкенің «Елге келгеннен кейін менің талантыма қанат бітті, алғашқы өлеңдерімді тындап, шабыттандырған Алмалы ауылының халқы» дегені, ауылым үшін мені мақтанш сезіміне бөледі. Алмалы ауылы өнер қонған ауыл, ән мен жырдың мекені ретінде ежелден өңірге танымал, сондықтан да Бөкенің шабытына шабыт қосып, Молот Мұсаұлы сияқты ағалары сөз тіркестеріндегі талғампаздыққа жол көрсетсе, Болат Исақұлы, тағы басқа інілері Бөкенді аға тұтып, өлеңдеріне пікірін біліп, ақыл-кеңестерін сұрап тұратын.

Болат Құрсақбайұлының біздің Алмалы ауылына елім деп келгендегі ең алғашқы күндерінен-ақ тез тіл табысып кеттік. Оның іскер, ізденімпаз, шаруаға мығымдығына сүйсіне қарайтынбыз. Ауылдастардың алғашқыларының бірі болып мемлекеттік жеңілдікпен несиеге ауылшаруашылық техникаларын алып, нарық жағдайындағы шаруашылығын дөңгелентіп алып кетті, ағайындарын тартты. Біздің мектепке де арғы беттен келген ағайындарының балаларын өзі ертіп әкеліп табыстайтын. Ауыл халқының күнделікті тіршілігіне

араласа жүріп, ауыл әкімдігі жанынан құрылған қоғамдастықтың, мектептің ата-аналар комитетінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі болып сайланып, елдің сөзін ұстар, жолын бастар азаматқа айналды.

Бөкенің ақын ретіндегі бір ерекшелігі, өмірде болып жатқан оқиғалармен біте қайнасып, сол туралы әсерін, өзіндік көзқарасын өлең шумақтарымен сол сәтінде білдіріп отыратындығында. Мысалы мына өлең шумақтары ауылда мешіт ашылғандағы ауыл азаматтарының өзара өлеңмен тілдесуі:

Болат Исақұлы:
Алмалы еліне
Ассалаумағалейкум Суан елім,
Тарихи күнге бүгін куәгерім,
Жазиралы Жаркенттен бак пен дәулет,
Кетпесін қай заманда болжап едің.
Шат-шадыман қуаныш ауылымда,
Шек болмай тұр кәрі жас қауымында,
Тарихи күн дедім ғой жоғарыда,
Үлкен мешіт ашылды Алмалыда, – деп

жырласа, ақын Болат Құрсақбайұлы:
Ой Бөке жыр жазыпсың шабытпенен,
Көріп тұрмын ақындықты анық сенен.
Берекенің ұйытқысы Дидар имам,
Үлкен істі тындырды халықпенен.
Жүрсе екен Алмалымыз бірлікпенен,
Бірлікпен бітері анық, тірлік деген.
Русландай аңқылдаған азаматтар,
Көрсетті адалдығын ерлікпенен.
Нұрландай аман болсын шеберіміз,
Үстем болсын өмірде мерейіңіз.
Өзің болдың ауылдың мақтаншы,
Өрісті боп, ұрпақпен көгеріңіз.
Бақытжан бақыт құсың арылмасын,
Елге деген еңбегің жалындасын.
Жол бастайтын серкелер болғандықтан,
Мешіт бітті қалың ел жабылғансын, – деп

інісінің шабытына шабыт қоса отырып, ел үшін еңбек еткен азаматтардың мерейін асыра түседі.

Қос Болаттың жоғарыдағы арнауларына мен де:

Керемет! Болат атты ақындарым,
Әр дайым ел ісіне жақындарым.
Ауылдың қуанышына шабыттанып,
Өлеңнің дөненіне тиіпті ғой тақымдарың, – деп өлеңнің көрігін қыздыра түстім. Қос Болаттың да өлеңдері біраз жерге барып тоқтады.

Болат Құрсақбайұлының ортамызда әзілдесе, біреудің көнілін аулап, енді бірін демей жүріп, жүрегінде қандай салмақты, қандай сағынышты, қандай қасіретті сақтап

жүргенін мына өлеңдерінен байқауға болады.

Кіндік кескен туған жер,
Асқарыңды сағындым.
Арман қуып сырласқан,
Достарымды сағындым.
Көк төбеден көрінер,
Қостарыңды сағындым.
Жолдысай мен Қарасай,
Тастарыңды сағындым.
Қия өтпейтін алдымнан,
Жастарыңды сағындым.
Ақ жаулықты аналар,
Астарыңды сағындым.
Еркелеп өскен Кегенім,
Аспаныңды сағындым, – деп артта қалған туған жерге деген сағынышын айтып мұнайса,

Жайлауға кел бауырым, жайлауға кел.
Кең көсілген бай дала, көк жасыл бел.
Біздің жайлау гүл ашып құлпырып тұр,
Масайраған кәрі жас, думанды ел.
Төр жайлауда бие бау, сары қымыз.
Тез жетілер қыстан шыққан арығымыз,
Текті ағаның баласы едік тірлігі бар,
Бірлігі бар ағайын барлығымыз.
Көрдіңіз өткен қыстың бұрқасынын.
Білемін қытымыр қыс қысқан сырын.
Көшкін алып кетті ғой қайран аға,
Бір өмір жинап-терген бар асылын.
Кел жайлауға арқаңа жүгінді артып,
Баяғы атаң көшкен жолмен тартып.
Немереміз жайлауда бірге жүрсін,
Не күтесің ағатай бұдан артық, – деп жырлай отырып, қиналған елге қарлығаштың қанатымен су сепкендей



Бұлдыр да бұлаң дүниеде,
Булығып жатқан қайран ел.
Батырлары түрмеде,
Тұншығып жатқан қайран ел.
Сөз бастайтын шешені,
Шерлі болған қайран ел.
Ел бастайтын көсемі,
Зарлы болған қайран ел.
Ақ самайлы қарттары,
Аңырап қалған қайран ел.
Алты қанат ақ отау,
Қаңырап қалған қайран ел, – деп күніренеді.

болса да көмектесіп, пана болғысы келетіндігін аңғартады. Замандасымыздың сыр сандығына зер салған сайын кемелдене түскенін байқаймыз.

Болат Құрсақбайұлының жыр сүйер қауымға ұсынып отырған «Ақжауын» жұрт сүйіп оқыр сырласына айналады деп сенемін.

Нұрсағат ӘЛІБАЕВ,

Елтіңді батыр атындағы орта мектептің директоры.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСЫ

Биыл Қазақстан халқы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қауымдастықтың беделді қатысушысы ретіндегі жас ел тарихының жаңа беттері басталды. Қоғамдағы бейбітшілік пен келісім мемлекеттік органдардың белсенді және үйлесімді жұмысына, азаматтардың шығармашылық қызметіне негізделген заманауи қазақстандық шынықтың басты өзегі болды.

Біздің ең киелі, ең қасиетті ұғымымыз – тәуелсіздік. Азаттықтың тамыры тым тереңде. Талай ғасырлар қойнауына көз жіберіп қарасаңыз, осынау тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен, қандай азаппен келгенін түсінеміз. Отан, туған ел, халық ұғымын тәуелсіздіктен бөліп қарастыра алмаймыз. Барлығы тамырлас, бір-бірімен байланысып жатқан өзегі бір ұғым. Тәуелсіздіктің иесі – халық, халықтың анасы – Отан.

Көктал ауылдық кітапханасының Коворкинг орталығында Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай «Мен Тәуелсіздік құрдасымын» атты тікелей эфир Көктал ауылының тұрғыны, Аудандық мәслихат депутаты, Абай атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ағылшын пәнінің мұғалімі, тәуелсіздігіміздің құрдасы Бегімбекова Ұлдана Қуандыққызымен өтті. Ұлдана Қуандыққызы Тәуелсіздіктің ақтаңында дүниеге келген, отанымыздың бірден бір патриоттарының бірі.

2016 жылдан бастап аудандық мәслихат депутаты болып сайланып, аудан тұрғындарының әлеуметтік жағдайына аса

мән беріп, өзекті мәселелердің оңтайлы шешілуіне де өз үлесін қосып келеді.

2020 жылы бүкіл әлем күрделі кезеңді бастан кешірді, дәл осындай ауыр күнде аудандық мәслихат депутаты ретінде бастама жасап, Көктал ауылдық ауыруханасына оттегі концентраты апаратын тарту етіп. Игі істер жүйелі жалғасын тауып, аз қамтылған отбасы балаларын модем және ұялы телефонмен қамтамасыз етті.

«Тәуелсіздік бұл – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдыретті сөз. Сондықтан ата-бабамыз аңсаған азаттықты жырлау мен үшін үлкен бақыт!»



– деді сөз барысында Ұлдана Қуандыққызы. Елім деген жұдырықтай жүрегін қуаныш кернейтін тәтті ұғым Тәуелсіздік құрдасына шабыт беріп, сиясы әлі кеппеген жана туындысын эфир көрермендеріне арнады. Қиялына қанат бітсе, қаламына тіл бітетін жас ақынның Тәуелсіздікке тартуы мұнымен



шектелмесі анық. Кездесу барысында кітапханашы Гүлмира Рахымжанқызының қойылған сауалдарына Ұлдана Бегімбекқызы жауап беріп, болашақтағы мақсаттарымен, ойларымен бөлісті.

Отыз жыл бойы еліміз егеменді, Тәуелсіз Қазақстанда, бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз, осы тыныштығымыз,



ЕСТЕН КЕТПЕС ЖЕЛТОҚСАН

Тәуелсізбін, қуанамын шаттанам,
Байтақ елмен әрқашан да мақтанам.
Желтоқсаным тағы келді алаулап,
Қуанышпен құшақ жая қарсы алам.

Егемендік оңайлықпен келмеді,
Қыршын жастар Отан үшін ерледі.
Қарсы тұрып қатыгездік отарға,
Бодандықты, бассыздықты жерледі.

Ызғарлы жел екпінімді баспады,
Намысымды әбден жерге таптады.
Бұл азапқа төзе алмай жастарым,
Қазақ деген ұлы атты ақтады.

Тәуелсіздік жастарымның ұраны,
Отыз жылда алауланып тұр әлі.
Осы жолда құрбан болған боздақтар,
Ғасырларға жолды нұсқап тұрады.

Елшат БАҚЖОЛ,

Елтіңді батыр атындағы орта мектебінің 9 сынып оқушысы.

Гүлмира ҚАСЕНОВА,
Көктал ауылы.

(Басы 1-бетте)

АҚЫРЫП ТЕНДІК СҰРАҒАН...

О аз десеңіз республикалық басшылықта ұзақ жылдар қызмет жасаған, саяси қайраткер Д.А.Қонаевтың небәрі 18 минутқа созылған 16 желтоқсандағы V-ші пленумда қызметінен алынуы және ұлттық кадрлардың еленбей шетте қалып, орнына КОКП-нің Ульяновск облысының партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Г.В. Колбинді Қазақстан Компартиясы ОК-нің басшылығына тағайындауы түрткі болды.

Қазақ жастары өз кезегінде ұлт намысы аяқ асты болған сол күні жылдар бойы дара билік етіп, үстемдіктің дәмін алған 70 жылға жуық аралықта одақ халқын қазармалық тәртіпте басқарған тоталитарлық әміршіл-әкімшіл жүйеге жалаң қолмен қасқайып қарсы тұрды. Желтоқсанның ызғарында алаңға шығып, аузын айға білеген коммунистік режимнен қаймықпаған, ұлтына ұран болған сол бір өрімдей қазақтың жастары: бұдан әріге туған ұлтының асқақ сезімін қорлауға, кемсітуге ешқандай да жол бермейтіндіктерін ашықтан-ашық мәлімдеді. Себебі, оқуға сырттан келген студент жастар мен жұмысшылардың басым бөлігі жергілікті ұлттың ұландары еді. Олардың билік тарапынан әлеуметтік жағдайлары мүлдем ескерілмеді, демек, жатақханада тұрып күнелтуден басқа ешқандай мүмкіндіктері де болмады. Ал, тағы бір назарға алар көрсеткіш: сол кездегі Қазақ КСР-нің астанасы болған Алматы қаласында жергілікті қазақ ұлтының өкілдері бар-жоғы 16 пайызды құрады.

Демек, бұл дегеніңіз Алаштың арда ұлы Шерхан Мұртаза ағамыздың сөзімен айтсақ: *«Желтоқсан – тек Колбинге ғана қарсылық емес. Бұл – империялық қорлыққа, зорлыққа қарсылық. «Мен – Қазақтың!» - деп қасқая қарсы тұрып айта алмай, тілі байланып, аузы буылған азапқа қарсылық!»*.

Және де жалпы ойша саралап бағамдасаңыз, аталмыш «Желтоқсан көтерілісі» жалпы Кеңес одағы көлеміндегі бірінші болған, одақ аумағындағы әлі де буыны беки қоймаған демократиялық ұстаным мен тоталитарлық режим арасында алғашқы ашық та жойқын қақтығыс болды.

Осынау, бейбіт сипаттағы наразылық шеруін өзіне төнген қауіп деп санаған саяси дәрменсіз билік, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен арнайы әскери және ішкі істер күштерін іске қосты. Атап айтар болсақ: Ташкенттен 300, Фрунзеден (қазіргі Бишкек қаласы) 100, Тбилисиден 450, Новосібірден 203, Челябинден 203, Свердловскіден 225 адам шұғыл түрде шақырылып, Алматы қалалық милиция бөлімімен бірге бейбіт шеруді қан-қасапқа айналдырған. Шеруді күш қолданып тарату барысында: саперлік күректер, үйретілген иттер мен газетке оралған темір сойылдар, су шашатын машиналар қолданылды. Көтеріліс кезінде қарусыз қазақ жастарына өрт сөндіруші машиналардан мұздай су шашылып, сапер күректерімен, дубинкалармен, арнайы темір арматуралармен аяусыз соққыға жығып, иттерге талатылды. Ауыр соққыдан ес-түссіз құлаған қыз-жігіттер, қолға түскен жаралылар автобустар мен жүк машинелеріне тиеліп белгісіз жаққа әкелініп жатты...

Адам шығыны белең алған аталмыш қан-қасаптың көптеген құпиялары беймәлім, әлі де толық ашылып зерттелген жоқ. Шеруге қатысушыларды тұтқындау және қозғалған қылмыстық істерде, сот-тергеушілік жұмыстары кезінде дәрежелік пен өрескел заңсыздықтарға жол берілді. Уақытша ұстау бөлмелері мен арнайы қалалық милиция бөлімдеріне және тергеу бөлімшелеріне жеткізілгендердің ұзын саны 8,5 мыңға жетті. Бет қарыған аязда автокөліктерге тиеліп, әскери күзетпен қала сыртына әкетілген адамдарды қоспағанда. Алдын ала, сақтық үшін КСРО-ның Ішкі Істер министрлігінің бұйрығымен құпия түрде жоспарланған «Құйын - 86» операциясы негізінде шектен шыққан айуандықпен аяусыз жазалаудың тәсілдерін «шебер» қолданған қанқұйлы коммунистік партияның қызыл империясы Алматыдағы қазақ жастарының «Желтоқсан-86 көтерілісін» асқан қатігездікпен басып жаншды.

Оған дәлел, Жоғарғы Кеңес Президиумының Комиссиясындағы құжаттар бойынша Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті бейбіт шеруге шыққан жастарды жазалау үшін Ішкі Істер Министрлігінің басқа республикалардан арнайы шақырған әскери құрылымдармен бірлесе әрекет ету жайындағы жоспарды ұсынған. Штабтың құзырында (г-лейтенант Г.Н. Ниязов) 2928 әскерилерден тұратын үш оперативті топ пен арнаулы құрама отряд болған. Және бұл жоспарды жүзеге асыру үшін 5700 адамдық Алматы гарнизонының күші мен қажетті құрал-жабдықтары пайдаланылды. Ол аз десеңіз, КСРО Ішкі Істер Министрлігінің ішкі арнаулы сарбаздарынан тағы да 2169 әскерилердің шақырылғаны баяндалған.



Сөйтіп, 99 адам сотталып, екеуі өлім жазасына кесілді (Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов). 787 адам комсомол қатарынан шығарылып, 271 адам оқу орындарынан босатылып, Ішкі Істер министрлігінен 1200, Денсаулық сақтау және Көлік министрлігінен 309 адам жұмыстан шығарылды. Жоғары оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды. Өстіп, осынау тарихи оқиғаға қатысушыларды саяси тұрғыдан қуғындау мен жазалау, соттау шаралары қатаң түрде жүзеге асырылды.

Ұлттық рухтың жаңғыруының бастауы болған қазақ елінің ұлт-азаттық күресі тарихындағы осы бір ерекше құбылыс өз кезегінде КСРО кеңістігіндегі ұлттық-демократиялық қозғалыстардың жаңаша серпінмен жедел түрде дамуына үлкен септігін тигізді. Яғни, Желтоқсан көтерілісі - қоғамның саяси өміріндегі демократиялық ұстанымдарға ерекше тын серпіліс берді. Дүмпуі республика аумағынан асып шығыс еуропадағы Қызыл империя ықпалындағы елдер мен КСРО құрамындағы басқа да республикаларға жетті. Қазіргі таңда осынау қазақ жастарының «Желтоқсан көтерілісі» аталмыш елдердің жеке тәуелсіздік алуы мен мемлекеттік егемендіктерін жариялауына тікелей ықпал еткен орасан зор ерлік екендігі тарихи ақиқатқа айналды.

Иә, олар 70 жыл билік құрған коммунистердің қанқұйлы тоталитарлық режимінің күйреп тарих сахнасынан кетуіне және Одақ құрамындағы 15 одақтас республиканың әрқайсының дербес мемлекет болуына алғаш жол ашқан демократияның қарлығаштары болып тарихқа енді де. Аралықта өткен 35- жылдан астам уақыт ішінде әміршіл-әкімшіл жүйенің тас-талқан шығуына себепші - Алматыда болған 1986 жылғы «Желтоқсан көтерілісі» екендігін алыс-жақын шет ғалымдары мен саясаткерлері толық мойындады десек те жаңылыспаймыз. Оған дәлел: Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығына арналып 2016 жылы 25 қазанда Астана қаласындағы «Radisson» қонақ үйінің конференц-залында «Қазақстандағы Желтоқсан (1986 ж.) (бұдан әрі – Желтоқсан - 86) көтерілісінің тарихи және халықаралық маңызы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өткен-ді. Аталмыш шараға әлемнің 10 елінен түрлі ғылыми сала өкілдері, зерттеуші ғалымдар мен ҚР ҰҒА-ның екі академигі, 3 корреспондент-мүшесі, 21 ғылым докторы және 20-дан астам ғылым кандидаты қатысып алғаш рет жан-жақты тұжырымдама жасалып, әрі терең баға берілді. Мәселен, Түркия, Польша, Венгрия мен Ресей, Монғолия тағы басқа елдерден келген зерттеуші ғалымдар осы Халықаралық

қудалағаны аздай, абалаған иттерімен, БТР, милицияның ерекше отрядының жазалауымен бірге, 20 градус аязда суық су шашқанына да қарамастан қазақ ұлтының қайтпас қайсарлығы мен Азаттық пен Тәуелсіздікке деген таймас табандылығын көрсетті. Аяусыз басып-жаншу мен жазалаудан қайсарлық рухы мұқалмаған көтеріліс үш күнге созылды...» – деп атап өтті.

Және де, жазушы «Желтоқсан ызғары» еңбегінің авторы Т. Бейсқұлов бұл көтеріліс туралы «Совет өкіметі тұсында бұрын-соңды кездеспеген құбылыс» деп айшықтады. Ал, жарты әлемді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған КСРО-ның сол кезеңдегі басшысы болған М.С. Горбачевта 1991 жылғы Ыстықкөл саммитінде амалсыз мойындаған еді.

Сонымен қатар, осынау «Желтоқсан құбылысын» халықаралық дәрежеге көтеріп, басқа да халықтардың назарын аудартуда америкалық Хельсинки жұмыс тобының еңбегі орасан зор екендігін атап өткеніміз де жөн. Бұл ұйым Алматыдағы Желтоқсан көтерілісін «М.С. Горбачев билікке келгелі бері болған халық наразылығының ең бірінші және жойқын көрінісі» – деп, сондай-ақ, бұл көтеріліс «тек Қазақстан ғана емес, бүкіл одақ көлеміндегі ірі тарихи құбылыс» және «бұл жаңа кезеңнің басталуы» деген баға беріп, әлемдік деңгейде тұңғыш мойындағандардың бірі болды. Сөйтіп, Алматы желтоқсан көтерілісі – Сумгайт, Баку, Тбилиси, Вильнюс құбылыстарына ұласып бүкіл одақ көлеміндегі «желтоқсанға» айналды.

Сол бір ел басына күн туған жылдары қазақстандық демократ жастардың толқуынан басталған «Желтоқсан қозғалысы», «Желтоқсан оқиғасы» ұйымдарының өмірге келуі, қазақ жастарының ұлтжандылығының жарқын көріністерінің бұлжымас айғағы. Міне, осынау киелі істің заңды жалғасы қазіргі кезде тәуелсіз республикамыздың барлық аумағындағы қоғамдық келелі істерге еркін араласып еліміздің дамуына сүбелі үлесін қосуда.

Міне, сол қасіретті көтерілістің бел ортасында болған – Қайрат Рысқұлбеков, жерлестеріміз жаркенттік Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, тағы басқа көптеген қазақтың өрімдей ұл-қыздары Тәуелсіздік жолында шейіт болып та кетті. Олардың еруақтары алдында бас иіп, ел мен жердің азаттығы жолындағы жан қиған ерліктерін жан-жақты насихаттап, жас ұрпаққа үлгі тұту әрқайсымыздың азаматтық борышымыз!

Қорыта айтқанда – мемлекетіміздің сарабал саясатын қолдай отырып, Қазақстан қоғамының өркеніетті дамуына өзіндік үлесімзді қосуға әрқашанда дайынбыз!

Биылғы Тәуелсіздігіміздің 30-жылдығы мен «Желтоқсан – 86» көтерілісінің 35 жылдық мерейтойлары құтты болсын, ағайың! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекеттігіміз Мәңгілік болсын!

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
«Жауынгерлік Даңқ музейінің» меңгерушісі,
Желтоқсан көтерілісіне қатысушы.

Жаркенттік «Желтоқсан – 86» көтерілісінің ардагерлері:





Тұрған БАТЫРҚҰЛОВ:

ЗАМАНДАСТАРЫМНЫҢ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІНЕ ӘРДАЙЫМ БАСЫМДЫ ИЕМІН

жылдары Совет Армиясының қатарында болдым. 1982 жылы Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылық институтының дайындық бөліміне түсіп, 1983 жылы аталған институттың агрономдар даярлайтын факультетіне оқуға түсіп, 1988 жылы бітірдім. Алғаш оқуға түскен жылдан бастап, №8 жатақханының комендаты болдым. Жатаханада 500-ден астам студент жастар жататын. Сонымен бірге әлемнің 12 мемлекетінің студенттері осы жатаханада тұрды.

1986 жылғы 16 желтоқсандағы пленумда Д.А.Қонаевты Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алып, орнына Г.В.Колбинді тағайындады. Бұл сол кездегі көзі ашық, көкірегі ояу, ар-ұяты бар қазақ жастарының намысын қайрап, өз елімізде, өз жерімізде өзімізді өзіміз басқара алмаймыз ба деген ой жастардың жігерін жаныды. Алматыдағы әр жоғарғы оқу орнының намысты жастары өз орталарында қозғаушы болып үгіт жүргізді. Біздің факультеттегі бір топ белсенді жастар да ақылдаса отырып, 17 желтоқсанда Республика алаңына шықпақшы болдық. Сол арада басқа да оқу орнындағы өзіміз қатарлы жігіттері жатаханаға келіп, бейбіт шеруге шығуға ұсыныс жасады. Аты-жөндерін

айтпаған олар келесі күні алаңға шығуға шақырды. Біз де дайын отырғанбыз. Ертесі күні сағат 10-дар шамасында курстастарымыз: ақтаулық Самат Башимов, актөбелік Жалғас Мұқанов, Байгелдиев Аманғали және Болат (тегі есімде жоқ) т.б. бір топ жігіттер алаңға бардық. Біз барған кезде алаңда бірталай студент жастар жиналып қалған екен. Оларға қосылып, өз ойларымызды ортаға салдық. Бәріміздің көкейімізді тербеген ой, әділетсіз тағайындауға қарсы тұру еді. Сағат түскі екілер шамасында жастар алаңға толып кетті. Біз Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін, тағы басқа да жастарға жігер беретін әндерді үздіксіз айтып жаттық. Жауапты басшылардан бұл тағайындау туралы түсінік жасауын талап еттік. Орталық комитетінің кейбір басшылары бұл істі жоғары жақ шешіп қойған, араласпаңдар, тараңдар деп үгіттеп жатты. Бірақ намысшы жастар кетпеуге айналды. Содан сағат 4-тер шамасында өрт сөндіретін машинамен жастарға су шашып зорлықпен таратпақшы болды. Қақтығыс содан басталды. Біздің сырт жағымызда адамдар көп болғандықтан артка шегіне алмай үсті-басымыз су болды. Бұған жастар одан бетер

ызаланды. Содан жол жағасындағы мәрмәр тастарды сындырып алып машиналарға қарай лақтырдық. Оқиға одан әрі шиеленісіп кетті. Қолдарына резина таяқ ұстап, бастарына каска киген солдаттар лезде қаптап кетті де, бізді ұл-қыз демей соққанын астына ала бастады. Бізаланған жастар солдаттарды алаңнан қуып шықты. Сол күні ертеңінде алаңға қайта келуге уәделесіп тастадық. Ертеңгі 10-да жастар алаңға кешегідей де көп жиналды. Бірақ бізді қаруланған солдаттар қоршап алып алаңға кіргізбеді. Ашуланған жастар алаңға ұмтылды. Бұл қарбалас жағдай сағат 4-5-ке дейін жалғасты. Жастардың ұрандап, айқайлаған дауысы жер-көкті жаңғыртты. Мұздай қаруланған солдаттар шетке шыққан жастарды аямай ұрып, таяқтың астына алды. Қыздардың бұрымдарынан сүйреп, алаңнан әкетіп жатты. Біздің жатақхананы да қатаң бақылауға алды, тексеру басталды, барынша көзге түспеуге тырыстық.

Міне, содан бері 35 жыл өтсе де, Желтоқсан жаңғырығы жадымнан ешқашан өшкен емес. Сол кездегі жастар қазір ақсақал болды, кейбіреулері өмірден өткен шығар. Қандай жағдайда болса да, сол кездегі замандастарымыздың ұлтжандылық іс-әрекеттеріне әрдайым басымды иемін!

Мен, 16 сәуір 1961 жылы Алматы облысы, Панфилов ауданы, Алмалы ауылында өмірге келдім. Әкем Батырқұлов Бақтыбай колхозда тракторшы, анам Мұсаева Мінархан үй шаруасында болған.

1967 жылы Алмалы ауылындағы 8 жылдық мектепке барып, 1975-1977 жылдары Басқұншы ауылындағы Крылов атындағы орта мектепті бітірдім. 1977-1979 жылдары аралығында «Красный Восток» колхозында тракторшы болып жұмыс істедім. 1979-1981

Мен, 25 ақпан 1966 жылы Алматы облысы, Гвардия ауданы, Жаңалық ауылында өмірге келдім. Әкем Нұрғалиев Әлімғазы – мұғалім. Шешем Әбілқимқызы Ұлдархан да ұстаз. Көп балалы отбасымыз, мен ортаншысымын. Уақыт өте Панфилов ауданындағы Сарыбел ауылына көшіп бардық.

Мектеп табалдырығын 1973 жылы аттап, 1983 жылы ойдағыдай бітірдім. Осы жылы Алматыдағы денешынықтыру институтына оқуға түстім. 1-курсан кейін Отан алдындағы борышымы Ресей аумағының Алтай өңірінде өтеп, 1986 жылы елге оралдым. Әскерден соң оқуымды 2 курсан жалғастырдым. Студенттік өмірім Қазақ елінің Тәуелсіздігі үшін көтерілген алапат толқыны – Желтоқсан оқиғасына тұспа-тұс келді. Бұл күні (16 желтоқсан) әдеттегідей, кешкі жаттығудан келіп бөлмеде шайымызды ішіп отырғанбыз. Теледидардан Д.Қонаевты орнынан алып, ол орынға Мәскеу билігі Г.В.Колбинді Қазақстан КОКП-нің 1-хатшысы етіп тағайындағаны туралы жаңалық айтты. Бөлмедегі жігіттер Алмаханов Дархан, Бүркітбаев Өркен, т.б. бәріміз шу ете қалдық. «Бұл қалай болды,

Ерік НҮРҒАЛИЕВ:

ТЕРГЕУДЕ ҚИНАУДЫҢ ТҮРЛІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНДЫ

неге?» деген сұрақтар санамызды жаулап алды. Ертесі 17 желтоқсан күні сабақтан жатақханаға келсек жігіттер тастай болып жиналыпты, бәріміз Л.И.Брежнев атындағы (қазіргі Республика алаңы) алаңға бет алдық. Мақсатымыз: саяси тәуелсіздікті бейбіт түрде талап ету. Осы мақсатта ұрандатып жазылған түрлі плакаттар ұстап, алаңға 300-дей адам жиналды. Кешкісін көтерілісшілер саны 20000-ға жетті. Бәрі өрімдей жас қазақтың жігіттері мен бұрымды қыздары. Қазақша патриоттық әндер айтып, өлеңдер оқылды.

Бейбіт түрдегі наразылыққа үн қосқан қазақ жастарының көптігі сондай алаңда ине шаншар орын жоқ. Мінберден Орталық комитеттің шешімімен келіспейтіндіктерін айтып жатты. Бірақ қойылған талап-тілектері аяқ асты болып, жастарды күшпен

тарату мақсатында алаңды құқық қорғау органдарының адамдары мен арнайы әскери күш тобы басып алды. Сондай-ақ, өрт сөндіретін машиналармен су шашып, әскери техникалардың да күшімен жастарды алаңнан қуды. Алаңдағы өртенген машиналардың жалынына киімдерімізді келтіріп үлгермей, түнгі сағат: 2-3-тер шамасында Мира-Сәтпаев көшелерінің қиылысында милициялар Алмаханов Дархан екеуімізді ұстап әкетті. ППС автобусына апарып қамап, аяусыз соқты. Көп ұзамай жас қыздар мен әйелдерді де әкеп қамап, олар да біз көрген қорлықты көрді. Сөйтіп, бізді І-ші Алматы вокзалы жанындағы Октябрьский РОВД-ға әкелген соң, тергеп, суретке түсіріп жеке-жеке нөмірледі. Тергеуде де ұрып-соғу, кинаудың түрлі әдістерін қолданды. КГБ-да жан-жақтан ақпарат жинап, күн сайын тергеу жұмыстарын тоқтатпады.



Біз сонда да намысымызды бермей ұлтжандылығымызды, Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілігімізді көрсете білдік.

Қазір, Алматы қаласында мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ беремін.



Мария ҚОЖАБЕРГЕНОВА:

ЕКІ ҚЫЗЫМЫЗ ҚАТТЫ ТАЯҚ ЖЕДІ

1986 жылы Алматинский Учебный комбинатта УПК ЦСК КазССР бухгалтер курсы оқып жүргем. 16 желтоқсанда таңғы 10-дар шамасында сабаққа бардым. Мен орыс группасында оқыдым, ұстаздарымыз орыстар болды. Бізді бәрімізді түгендеп, тексеріп, біраз отырған соң «сендер тура үйлеріңе қайтыңдар, еш жаққа бармаңдар, ертең сабақ болады, түгел қатысыңдар» деп қайтарып жіберді. Группанда Нурсултанова Сауле, старостамыз Ботбаева Гәлія, Қырықбаева Жумагуль, Жетешова Райгуль, Абылқайырова Камшат бәріміз далаға шыққанда, әржерде студенттердің топталып жатқанын көрдік. Олар «Дінмұхаммет Қонаев ағамызды орнынан алып тастапты, енді басшымыз Колбин деген орыс болады» дегенде біз намыстанып «Here? Қазақтың мықты-мықты азаматтары

бар ғой. Біз Қонаевты қолдаймыз» деп шамасы 12-1-лерде алаңға бардық. Содан біртіндеп студенттер жинала бастады. Бізге түсіндіріп беріндер деп біраз талап еттік. Қараңғы батты, патриоттық өлеңдер айттық. Роза Бағланова апайдың дауысын таныдым. Тыныштық болсын, соғыс болмасын деп сабырға шақырды. Ер азаматтар да сойлеп жатты, бірақ оларды танымадым. Қайтыңдар деген сөздер айтылды. Бірінші қатарда ер балалар тұрды, одан кейін біз тұрдық. Солдаттардың бойлары 2 метр. Бір кезде солдаттар қасымызға келді де темірмен ұра бастады. Ұл-қыздарға қарамады. Кетіңдер деп артка қарай қаштық, есімде емес-емес қалғаны солдаттардың «бегом-бегом» деп қуып жүргені.

Ер азаматтарды ұрып, тепкілеп жатты. Өз көзімізге өзіміз сенбей келе жаттық. Өте қиын

жағдайлар болды. Қашып шықтым, бір қарасам қыздарым Сауле, Гәлія, Жумагуль, т.б. қыздар болды. Түнгі 12-лер шамасында үйде болдым. Әпкем Қожабергена Бейбітгүл Жастар алаңға шығыпты деген сөзді естіп, менің жолыма қарап қатты қорқып отыр екен. Ертесі сабаққа бардым, бәріміз отырмыз. Ұстазымыз келіп біртіндеп тексерді. «Алаңға барыңдар ма?» деп сұрады. «Жоқ, үйде болдық» дедік. Үзіліс кезінде дәретханаға шықтық, сол жерде болған жағдайды бір-бірімізден сұрап білдік. Екі қызымыз Нурсултанова Сауле мен Жетенова Райгуль қатты таяқ жегті. Денелерінде көкпенбек іздер қалған, әрең тұр. Қорқып кеттік. Білдірме-білдірме деп қоямыз. «Суретпен іздеп жатыр, прожектор жағып суретке түсіріпті» деген сөздер естідік. Бірақ сабақтан қалмадық.

Мен, 1962 жылы 13-ші қыркүйекте, Талдықорған облысы, Киров ауданы, В.В.Куйбышев ауылында (қазіргі Қаблица жырау ауылы) өмірге келдім. Ата-анам қатардағы мұғалімдер. Алғаш, 1969 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1979 жылы «жақсы» деген бағамен бітірдім. 1980-1982 жж. Совет армиясы қатарында ГДР-ның Веймар қаласындағы спорт ротада (ГСВГ) екі жылғы азаматтық борышымы өтедім. Дивизия спорт бағдары арасындағы бокстан, кейін бүкіл ГСВГ (Группа Советских войск в Германии) бойынша өткен жарыста (67,5 кг) салмақ бойынша чемпион атандым. Спорттағы жоғары көрсеткіштерім үшін «Спорт шеберлігіне кандидат» болдым. Әскери қызметтегі үздік жетістіктерім үшін бөлім басшылығы маған Алматыға, В.И. Ленин атындағы Политехникалық институтқа жолдама беріп, институттың дайындық курсына бірден қабылдандым. Сөйтіп, 1983 жылы І-ші курстың студенті атандым.

Ал, 1986 жылғы әйгілі «Желтоқсан оқиғасы» болғанда мен 4-ші курста едім. Сол бір қаһарлы 16 желтоқсанда теледидар, радио желісінен, КазССР-нің бірінші хатшысы болған, қоғам қайраткері, қазақтың арда ұлы Д.А.Қонаев ағамызды Мәскеудегі ОК пленумында қызметінен босатып, орнына Ресейден келген Г.Колбиннің тағайындалғанын хабарлап жатты. Біз, «нефтьной корпуста» практикада едік, сол оқу ғимаратының терезесінен Сәтпаев көшесімен жұмысшы және

Мәулет СМАҒҰЛОВ:

ОҚУДАН ШЫҒАРЫП ТЫНДЫ

студенттердің алаңға қарай ұрандатып бара жатқанын көрдік.

Сабақтан кейін, бәріміз тездетіп лекция оқытын үлкен залға жиналды. Сол мезет залға кірген Нұрлан Нұрпейісов, «...Что вы все стоите, там идет восстания!» деп айқайлады. Сол-ақ екен барлығымыз да тура алаңға қарай ұмтылдық. Қасымыда Шыбынтаев Әділ, Дузбаева Зейінгүл, Омаров Сәкен тағы да басқа қыздар мен жігіттер болды. Алаңда досым, әрі бауырым Бейсенов Ерболды және де көптеген таныстарымды көрдім. Дәл сол кезеңде біздер, көңілімізде ешбір бөтен ой жоқ бәріміз де бейбіт шеруге шыққан жастар едік. Сондағы бәріміздің де айтқанымыз «Әр ұлттың – өз көсемі болуы керек!» деген ұран. Жүздерінде ұлтжандылықтың оты ойнаған қазақтың ұл-қыздары елдік намысты оңайшылықпен қолдан бере қоймайтындарын байқатты. Ал, мінбегеі өкімет адамдары «Қайтыңдар!», «Тараңдар!», «Бұндай сұрақтар, мұндай жолмен шешілмейді!» – деп қайталап жатты. Бірақ, біздер Д.Қонаевтың өзі мінбеге шығып не болғанын өз аузымен айтуын талап еттік, билік ол кісіні халық алдына шығармады.

Кейін, кеңестік билік жастарға жасақшыларды айдап салумен, күш қолданып

бәрімізді ұрып, соға бастады. Мұндайды күтпеген көпшілік, саябырсып барып тез ес жиды, біздер де өз тарапымыздан қарсылық көрсеттік. Соңы үлкен жанжалға ұласқанда аяушылықтан ада жасақшылар, жігіттерді ұрып, қыздардың шашынан сүйреді. Бұл қорлыққа төзбеген біздер ұл-қыздарымызды қорғауға ұмтылып, оңбай таяқ жедік. Құлаған, ұсталған жастарды машиналарға тиіп, белгісіз жаққа әкетіп жатты. Мен және зауытта жұмыс жасайтын жерлесім Джексембаев Сейітнұр қатар ұсталдық. Ұрып – соғып милиция көлігінің будкасына салып біздерді РОВД-ға апарды. Онда біздерді сұраққа алып, аямай соққыға жықты. Өрең дегенде әйтеуір амалын тауып қашып шықтық.

Одан көтеріліс басып – жаншылғаннан соң тексеруге алып, қудалау басталды. КГБ қызметкерлері күніне институтқа келіп сурет бойынша шеруге қатысқан студенттерді іздейтін. Біздің факультеттің деканы Мусанов А. менің суретімді көріпті, содан кейін-ақ, маған тиісіп, «...оқудан шығарамын» деп, қокан – локки көрсетіп, тыныштық бермеді, ақыры оқудан шығарып тынды. «Бұзақы» атағын алып, еш жерге жұмысқа орналаса алмай көп қиыншылықты бастан өткердім.



Патриоттық Қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің мүшесімін. Жаркент қаласында тұрамын, жеке кәсіпкермін.

Бірақ, әрқашанда елімнің, жерімнің, Отанымның бостандығы үшін ұрандатып, алаңға шыққаным көңіліме үлкен медеу болды. Үйлендім, жаңымда әйелім – Сабырбаева Мира аудандық аурухананың бөлім басшысы, үлкен ұлым – Мәулетұлы Айсұлтан 2003 жылғы, кіші ұлым Айхан Мәулет 2011 жылы туылған.

ҚҰЗҒА ҚҰЛАҒАН ҚОС СӘБИ

(Повесть)

Қоңырбелдегі тойда

Осыдан бір ай бұрын мына көрші Жалайыр еліндегі құдалардан ұзатылар қыздың тойына шақыру келген. Бұл жылы хабар Қайып би ауылының жастарына қуанышты көңілдің шуағын шашқандай болды. Әсіресе, қыз – бозбалалардың желіккені соншалық еді. Бұған қоса жазғы жайлауды көріктендіріп тұратын табиғат аның мейірімді нұры да әсерлі көңіл күй сыйлап тұрғанын қайтесің? Жастар бірі мінер атын, екіншісі киер киімін түзеп, тойда салар ән – жырларына дейін бабына келтіріп әлектенумен болып жүр. Бұл хабар осы ауылдың бас иесі Қайып ақсақалдың баяғыда Жалайыр еліне ұзатылып, содан бері барып – келісі, алыс – берісі жарасып келе жатқан қарындасы Сағынбикенің барған жерінен жеткен. Сол қарындасының кенже қызы Қарлыға ұзатылатын болып, соның тойына шақырылыпты. Ауыл ағасы бұл тойға өз елінің игі жақсыларынан бастап, айтыскер ақындары, әнші – күйшілерін, балуандарын, тамаққа тоймас мешкейімен, желяк жүйрік жорғаларын алып баратынын айтып, Қоңырбелдегі той иелеріне жеткізуге алдын ала шапқыншы да жіберіп алды. Бұл кез Кеңес үкіметінің орнағанына алты – жеті жыл болып, өз саясатын орната бастағанымен, ел басқару жүйесі бұрынғы үйез атымен жүріп тұрған кез. Елді ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап келген болыс, билерге жаңа үкімет жайсыз тие бастағанымен, ел іргесіндегі тыныштық әлі бұзылмай тұрған. Үлкен қалалардағы ірі – ірі зауыттардың иегер алпауыттарын большевиктер үкіметі қатты қысымға алса да, шаруа қуған дала байларына шарпуы әлі еркін жете қоймаған сияқты. Дегенмен, орыс алдында тіліңді тарта сөйлеп, аяғыңды байқап басар заман жақындап үлгерген. Бұны сезгендер күнделікті өмірдегі өзгерістен секем алып, сенімсіздігі кейде көңілді қобалжыта жүріп жатты. Сөйтіп әне – міне дегенше, той сапарларына да аттану басталып, атакты он екі ата Жалайыр тайпасының көпке арналған қуанышына Суан елінің бекте ұстар жақсылары мен жайсаңдарын, шешендері мен көсемдерін тойға барар топ алдын бастатқан Қайып би жиыны елу – алпыс қаралы жақын – жұраттарымен Үйгентас жайлауынан Қызылқия арқылы Жалайыр еліне бет түзеді. Той көрімдігі (тойлық) деп қысырақтың үйірін арнайы айдатса, қос түйеге артқан төрт саба қымызын тиіп, қыздың қуанышына арналған шашуым деді. Тай жүзген сабаларды жиын тарағанша ортайтпас үшін екі сауын үйірді бірге айдатып, сабасын той тарағанша саумалмен демдеп отыруды да жөн санаған. Суан тайпасының Сұңғыла биі бастаған, жүйелі сөз иелері қостаған әнші, күйші, ақын, балуандарымен қоса мешкейлері сияқты алкалы топқа арнап тігілген бірнеше ақ шаңқан үйлердің алдында Жалайырдың жақсылары тосып алды. Олар да жайылып, жастық иіліп төсек болып, құрметті сары сүйек жегжаттарының көңілінен табылуға тырысып, аяғынан тік тұрып күтуге кірісіп кетті. Қоңырбелге аттанған көп қаралы тойшылар санатына Қайып ақсақал: «Қарға тамыр халық ек, қашаннан-ақ, жегжаттымен ел есіп жасандамақ», – деген аталы сөздерді еске алып, сүйек жаңғыртсақ, – деген үмітпен марқұм Мырзабай жолдасының ұлы Зарықбектей жас періні де ерте жүрген. Бидің өзі «Зекен» деп атап кеткен он тоғыздан жана асқан өзі ақын, өзі әнші, өзі домбырашы Зарықбек бәйгеге ат баптаудан да ешкімнен кенделігі байқалмайтын. Жігіт өзінің жастай сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуін әкесі Мырзабай марқұмының өле – өлгенше беріп кеткен тәрбие жемісі деп ұғушы еді. Мырзабай осыдан жиырмашақты жыл бұрын, бидің қолқалай шақыруымен ауылына көшіп келіп, сол жылдан бері осы ауылдың балаларын оқытып, төте жазумен сауатын ашып отырған. Өнерлі ұстаз тіршілігінде бір қолымен темірден түйін сүйесе, екінші жағынан ағаш иіп, киіз үйдің сүйегін жонатын. Күмбірлеген домбырамен сызылған сыбызғының сан түрі де оның қолынан шығып, елдің игілігіне жарап жатушы еді. Шынар ағаштан ер шауып, ұзатылар қызға арнайы күміспен күптелген жасауларында да осы Мырзабайдың қол таңбасы айшықталып, көздің жауын ала беретін. Өрімнің алты таспасынан он екі таспасына дейін түрлеп өру шеберлігімен, ат – әбзелдерін көріктендіруде білгірлігін айтсаңшы. Бәйгеге жаратқан сәйгүліктерінің атағы алысқа жетіп, Қайып бидің жылқысынан жүйрік көп шығатын болып, елдің тай – құнан бәсірелеуге қызығуы арта түскені соншалық. Оқып – тоқыған өрелі ойдың иесі, ауыл ағасы

бименен де тату өмір кешіп, керекті жерде ақыл қосып отыратын көшелі кісілігін білдіртіп те жүретін. Қайып, ауыл балалары білім алсын деп, салт басты Мырзабайды көшіріп әкелгенде «Өзім Қожа деген елден боламын, туыстарым Әулиеата жақта», – деп таныстырған.

Елге келген соң екі жыл өтер шамасында би ауылындағы орта шаруасы бар туысының бойжеткен қызын жігітке ұзатып, содан екі жыл өтер шамасында осы Зарықбек өмірге келген. Баласының жас кезінен өзі білетін өнерді түгел үйретумен айналысқан мұғалім ұлының алғырларына сүйсінумен болды. Сол қайран әке осыдан үш жыл бұрын дүниеден өтіп, жалғыз ұл әкеден қалған аз шаруасымен айналысып, би ауылымен туысындай араласа өмір кешіп қала берді. Мырзабайды өз бауырындай жақын көрген Қайып би баласына да шет қақпай көрсетпей бауырына тарта жүріп өсірді. Бала да биді әке орнына санап, оның үстіне нағашы жұртым деп білген. Сол Суан елінен салтанатпен келген салхалы қонақтарын арнайы тігілген ақ үйлерге жайлап орналастырған той иелері, сары сүйек жегжаттары ата – баба дәстүрін ардақ тұтып,



үйірлі қысырақты жиен қызға «қырық шұбар тай» жолына арнап келсе, қос түйеге артып әкелген қымызды Жалайыр елінің тойына арналған шашу дәміміз еді. Бұл жол – жораға риза көңіл бірдірген той иелері де құрақ ұшып, жиын тарап, кадрлі қонақтар аттанып кеткенше аяқтарынан тік тұрып, күтуші қыз – келіншектер мен жігіттерді сақалай сай етіп қойғаны қыз әкесі Ұзақбай ақсақал мен әйелі Сағынбикенің төркін жұртына деген үлкен ілтипабын білдіргендей.

Ат байлауға арналып құрылған керме жанында қонақтарды тосып алатын сайдың тасындай жас қызметшілер ұзақ жүрістен жол соғып, шалдығып жеткен тойшыл қауымды қолтықтай демеп аттан түсіріп ақ боз үйдің есігін айқара аша төріне оздырып жатты. Қонақтар үйге кіріп болмай жатып-ақ есіктен төрге жайылған көлдей дастархан үстінде шөл басып, мейір қандырарлық шырын мен мейізден бастап тәттінің таңдайдан бал сорғызар алуан түрлері үстемдік алып жатқанда – Менің де мәртебем сендерден қашан да жоғары тұрады, – дегендей тоназыған қазы – қарға, жал – жаясымен көрлен табақтың үстіне майға малынып, таңдайға басар дәмдердің дәл ортасынан ойып орын алғаны көрер көзге мен мұндалап, табеттің тәуекеліне бастырып жібергендей көрініс береді. Сексеуіл шоғының қызуы өтіп, демігуін әлі басып үлгермей иығынан дем алған әйдік сары самаурынды қос жігіт екі құлағынан демей көтере келіп дастарханның босаға жақ шетіне қойғанда шай құяр келіншектер де ілесе кіргенді. Қонақтарға иіліп сәлем жасаған жас келін самаурын қасына жайғасысымен қаймақталған күрең шайды құйып, үлестіріп жатып шыны әперіп тұрған жігіттерге көздерін төңкере жымиың етіп:

– Ей, қайным, былбырап тұрып ыдыс ауыстырып алып ұятқа қалмаңдар, – деп сыбырлаған боп сандарынан шымшылауды да ұмытпады. Жігіттер де әзілдің астарына батыра түсіп:

– Женгелер, сендер де ана шүмекті дұрыстап ағызып тұрмасандар, сыртқа кетсе құр қаласыңдар, – деп күбір еткенде қос келіншек төмен қарап сылқылдай жонелген.

Ат үстінде жүздерін жел қағып, өздерін ат соғып шаршап жеткен құдалар ісі бүркырап, мұрын жара демделген Қытайдың қызыл күрең шайынан екі – үш кесе ұрттап, шөл басқан сайын маңдайдан шып – шып шыққан тер тұла бойды бусантып жадырай бастағанда дастарханда бағанадан бізге де бір уақ көңіл аударсандаршы дегендей таңдайға бассаң тіл үйретін ас мәзірлерге енді қол соза бастағанда,

шыртылдай көбік шашқан тай жүзген тегенедегі сары қымызды мейімдетте толтырып, бетіне қос буынды өрнекпен айшықтай көмкерген сырлы ожауды қайықтай жүздіртіп, екі жігіт қос тұтқадан көтеріп шай үстіндегі қонақтарға есіктен кіргізіп келе жатты. Қымыздың қызықты сері мінезіне сезімі ауған көпшілік тегене есіктен бас сұқпай жатып-ақ бүркыраған жұпар иісіне сүйсіне ашыған кеңсіріктерін бір – бір сипасып үлгерген. Бағанадан бері жанды жадыратар күрең шайдан гөрі үстемдік алған сары қымыз, құлаштай сапырыла құйылған сырлы тостаған үлкендер алдына жарасымды қойыла бастағанда әр жерден көңілді әңгімелер өтіп, жалғыз ұл әкеден қалған аз шаруасымен айналысып, би ауылымен туысындай араласа өмір кешіп қала берді. Бүгінгі болғалы жатқан тойдың иесі ұзатылар қыздың әке – шешесі Ұзақбай мен Сағынбике де қымызбен бірге үйге бас сұғып, дастархан шетіне тізе бүккен. Сыйымдылығы сын артпайтын тостағандар қолдан – қолға жедел жылжып үй толы көпшілікті екі – үш рет айналып шыққанда таңдайларға бал үйірілуімен қоса көңіл көтерер шаттығын да бірге сыйлап үлгерсе керек. Токтаусыз қозғалыспен тегенеген тез қайтқан ыдыстар

тұяқ жамбы қарындасы Сағынбике екеуінің кенжелерінің тойлығына арналған сыйымыз болсын, – деп ақ жібек орамалға ораған бағалы қорытпаны қалтасынан шығарып, ұсынып жатты. Содан кейін аз тыныстап алған би той иесіне тағы бір «тыңда», – дегендей бас ізей: – Жалайыр ағамыздың құт дарыған ұрпақтарында қымыз деген қасиетті сусын. Осындай жадыраған жаз тұрмақ қыс көзі қырауда да кез – келгеннің шөлін басатын, көңілін тасытып аттандыра беруіне жетіп артылып жатады. Солай болса да салтанатты келісіміздің сәні болсын деп екі сауын үйірді айдай келіп желілеп тастадық. Онымыз ана көпшілікке арналған тай жүзген саба той тарағанша ортаймай тұрсын дегендік еді. Бұл да ертеден келе жатқан «еншіміз ет пен қымыз бөліспеген», – деген дәстүрімізге саятындығы. Бағана өзін айтқандай, біздің де ауыл жастарының жарысқа түсер өнерлілері осында жүр. Олардың көрсетер ойындарын ертең тойға келген көппен бірге тамашалармыз.

– Дұрыс айтып отырсыз Би аға. Сіз мензегендей той қызығы ертеңнен басталмақ. Оғанға дейін жайлы отырып, жақсы демалыңыздар.

Сол күні керіліп отырып, ерініп қозғалған құдалар кештетіп жастыққа қисайған-ды. Ертесі күн көтеріле таңғы дастархан жайылып, қонақтар шайға отыра бастағанда шу асау семіз тайды бұғалықтап, бұлқытып әкелген жылқышылар Қайып билер жайғасқан ақ үйдің алдына көлденең тарта берді. Сол сәтте үйге бас сұққан Ұзақбай үй ішіндегілерге айнала көз тоқтатып:

– Құрметті құда-жегжаттар! Алланың жақсылығымен көптен армандап күткен тойымыз бүгін басталмақ. Сол тойды құрметтеп алыстан келіп отырған Қайып би ағамыз бастаған Суан елінің жақсы – жайсаңдарына арнап қонақасы ретінде бұйырып тұрған мына тайға бата беріп жіберсеңіздер, әумин! – деп қолын жая берді. Қайып би оң жағында отырған ауыл үлкені Асқар ақсақалға жол беріп иек қакты. Ол да өзіне жол беріліп отырғанын сезіп, қолын жая беріп:

О, Құдай!
Жастардың шаңырағында шаттық болсын,
Үйі балаға, түзі малға толсын.

Ел – жұртымыз аман болсын, әумин! – деді.

Сол батадан кейін Қайып би шай үстінде отырғандарға айнала көз жүгірте бүгін – ертең тойда өтетін әр түрлі жарыстарға қатысатындарды бақылап, басқарып отыруды өзімен бірге келген Шынасыл мен Зарықбекке жүктей отырып:

– Біздің де елдігіміздің намысын жібермеңдер, – дей бергенде есік алдына жақын келген хабаршы көтеріңкі дауыспен:

– Құрметті қонақтар! Бүгін, яғни, сәске түсте Қарлыға қызды ұзату тойы басталған сәтте алыстан келген қонақтар мен құдалар отырған үлкен шаңырақта алдымен «Аққу ұшыру» жарысы, одан кейін түс қайта «мешкейлер» жарысын қызықтамасыздар. Кешкі қонақасыдан кейін ақындар айтысы, қайым айтыс, таң бозарғанша жалғаса береді. Ертең ат үсті ойындары басталмақ. Онда: аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, ат бәйгесі, көкпар болмақ. Көкпар тартуға тайынша беріледі. Бұл қызықты ойын көкпаршы жігіттердің күш – қуаты мен атының мықтылығын байқатпақ. Осы аталған әр ойынның жүлдесі төрт түлік төресі түйеден басталып, байлық нышаны аталатын қоймен аяқталмақ. Қыз бен жігіт айтыс жүлдесі өзгешелеу. «Тоғыз» деп аталатын асыл бұйым, алтын теңгемен жеңген жақ риза етілмек.

Бүгінгі оқырмандарға түсінікті болу үшін «Аққу ұшыру» ойыны қалай боларын айтар болсақ. Өткен ғасырдың басында, тіпті одан ары да ел арасында қымызды ішіп тоймайтындар бір тұлып (ешкі терісінен тігілген) қымызды өзі тауысып жүріп кететіндер кездесе береді екен. Егер қымызды көтере алмаса, ауыздан қайта құсқан қымыз түгел түсіп қалады. Осыны «Аққу ұшыру» дейді. Сол сияқты жеп, етке тоймағандарды да, бір қойды түгел тауысып, сорпасын сұрап ішіп, орнынан тұрып кететіндер де болған. Ондай адамдар әлі де болуы мүмкін. Бағана тойдың құрметіне болатын әр түрлі жарыстың қалай өтетіндігін тойханада айғайлап хабарлап шапқылаған той басқарушы мұртты жігіт Қайып би бастаған құдалар отырған үйге бас сұғып:

– Құрметті құдалар, біздің қазақ атам заманнан ұлан даламыздан жылқыны алғаш қолға үйретуден бастап, оның етін азық, сүтін сусын етіп келе жатқан халық екеніміз бәрімізге аян. Сол қасиетті тұлқтан сүйсіне шөл басып, сабаға ашытып баптаған сары қымызын сарқып

Қазақұлттының рухани темірқазығының бірі Сайын Мұратбеков сияқты ұлы тұлғаның өмір сүрген тарихи кезеңі алыстаған сайын оның шығармашылық өмірбаяны мен мұрасының өзі де сол ұлттың рухани көркем шындығына айнала бастайды. Себебі, сол тұлғаның өмір сүруінің өзі құбылыс.

Әр ұлттың рухани дамудың қандай дәрежесіне жеткені дана тұлғаларға деген көзқарас пен көркемдік өлшемнің деңгейі арқылы пайымдалатыны сөзсіз. Өйткені, шынайы алып тұлғалардың тағдырына сананың сәулесін түсіру арқылы біз ұлттымыздың өткен тарихын талдап, бүгінгісін саралап, келер болашағын анықтаймыз. Сондықтан да даналардың тұлғасын саралау – сол ұлттың рухани қажеттілігі болып табылмақ. Қазақ ұлттының руханияты мен көркемдік жады және әдебиеті мен мәдениеті үшін Сайын Мұратбеков те сондай дара да күрделі тұлға. Оның мазасыз шығармашылық өмірі мен танымын түсіну – сол ұлттың рухани парызы. Өйткені, Сайын Мұратбеков бір ұлттың емес, мұқым бір қоғамдық құрылыс ауқымындағы тарихи көркем ойлау жүйесін қалыптастырған XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірін дүниеге әкелген сөз иесі. Сайын Мұратбековтың даналық көркем ойының мәйегінің құнары – бірыңғай оның туындыларындағы қат-қабат тартыс жүйесінің тоғысында, жеке тұлға мен қоғам арасындағы көзқарас тартысында ғана емес, үш формацияны тел еміп өскен тағдырының тамырында жатыр. Бұл мақаламызда жазушының кең танымал болған шығармаларының бірі «Жусан иісі» повесіне шолу жасаймыз.

Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» повесі аңыз сияқты басталады да реалистік баяндау түрінде аяқталады... Сайын Мұратбеков өзінің «Жусан иісі» повесінде қазақ тұрмыс-салтының, әлеуметтік тобының

САЙЫН – СӨЗ ЗЕРГЕРІ



өзекті тақырыбын қозғаған. Автордың повесі Аян деген жас кейіпкердің айналасында өрбиді. Повесть сюжеті жағынан Мұхтар Әуезовтың «Жетім» әңгімесіне қатты ұқсайды. Қасым мен Аян тағдырлас, екеуі де әжесінен айрылып қалады. Қасымды тәрбиелеген, оның бүкіл малын тартып алған Иса мен Аянға күн бермеген Бапайдың да іс-әрекеттері ұқсас. Көркем шығармаға арқау болған басты кейіпкер Аян ойдан алынған образ емес. Аян жинақ образ. Талай қазақ баласы Аянның басындағы жағдайды кешкені жасырын емес. Әсіресе соғыс кезінде және орыс мәдениетінің салқыны қазақтың кең жүрегін

тарылып, бір-біріне деген тас бауырлық жаман қасиетін оятқан кезеңдердің тақырыбы деп айтуға келеді. Аянның айналасындағы қоғам арқылы, Аянның тағдыры арқылы автор қоғамның бейнесін, сол дәуірдегі адамдардың психологиясын қалың оқырманға жеткізгісі келгені айқын.

Иә, Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» повесі – өзінің проблемалық өзектілігі жағынан, тақырыптық ерекшелігі жағынан бітімі бөлек шығарма. Әңгіме сол дәуірде үлкен бағыт алған адами қасиеттердің жоғалуына, балалар арасында ғана тәтті қияла беріліп, жарқын өмірді аңсаушылық барын көрсеткен, құрыла білген. Бұл, расымен де ұзын сонар тақырып екені белгілі. Және де дәл сол шығармаларды оқу арқылы да жазушы шабыт алғанын көреміз. Автор «Абай жолы» романындағы көптеген детальдың «Жусан иісінде» де кездесуі кездейсоқтық емес. Аянның «өзінше ойлауы, өзіндік менінің» болуы да дәл сол «Абай жолынан», «Жетім» әңгімесінен алынған бөліктер еді. Шығарманың көркемдік деңгейі аса жоғары, типтік образ жасау, қазақтың қарапайым қойшы баласын жасауы үлкен құбылыс десек болады. Ал Аянға өзбырлық жасаған Бапай ше? Бапай десе кез келген қазақтың тігіретінін, қозатынын жақсы білеміз. Мұндай ірі образ жасаудың өзі – шеберлік. Шығарма тақырыбы мен тематикалық проблематикасы және оның қазақы таным-ұғымға ыңғайлана құрылуы үлкен жетістік деп білеміз. Шығармада тек адамдар қатынасын ғана емес, сонымен бірге әже мен баланың арасындағы махаббаттың, қас пен дұшпан арасындағы араздық та көрсетілген. Бұл – үлкен адамзаттық мәселелер екенін белгілі. Дұшпанға

аяушылық білдіру керектігі де байқалады бұл жерде.

Шығармада, сонымен қатар, ауылдың табиғаты жақсы суреттелген. Әсіресе, қасқыр мінезді бұл табиғаттың тылсым сипаты шығарманың көркемдік көрінісін одан әрі аша, айшықтай түсті. Шығармада шындық та жазушы Сайын Мұратбековтің өз өмірінен алынған, ал жазушының өмірдегі шындығы да дәл осы ауылда болған оқиға болатын. Жазушының «Жусан иісі» шығармасын ерекше шығармалар қатарына қоса отырып, іргелі, классикалық туынды ретінде қарастыруға болады. 60-70 жылдары Сайын Мұратбеков көркем прозаның көлемді жанрларында біраз ізденістер жасады. Олар – «Менің қарындасым» (1961), «Ауыл оты» (1964), «Көкөрай» (1967), «Отау үй» (1968), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздеп жүрмін» (1973) повестері мен шығармалары еді. Бұл шығармаларда әлеуметтік тақырыптың салмағы біраз арта түседі. Жазушы осылайша жеке жандардың емес, ел тағдырын, халық қасіретін кең көлемде алып қарастыратын күрделі шығармалар тудыра бастайды. Сондықтан да жазушы әңгімелерінің поэтикасын, идеялық мазмұнын, тарихи-тақырыптық сипаттарын, ұлттық таным проблемаларын, образ жасау мен типтендіруін, авторлық позициясын, дүниетаным көзқарастарын, азаматтық әуенін, тілдік, стильдік ерекшеліктерін, бүгінгі ғылыми құндылығын саралау мен талдау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескере отырып, жазушының поэтикалық болмысын, парасатты ой-пайымдауларын, суреткерлік тұлғасын сомдаумен қатар танылу аясын зерделеу, зерттеу шараларын жүргізіп, дәйекті-далелді тұжырымдар айту – мақаламыздың басты зерттеу нысаны мен негізгі мақсаты болып табылады.

Нүргүл ЕСҚОЖАЕВА,
Сарытобе ауылы.

ЖАРКЕНТТІКТЕР... ДЕГЕН ЕКЕН

Молоттың сөзі – мiрдiң озындай

Бүгінде жетпістің желкенін керген Молот Мұсаұлы Солтанаев жасынан әзіл-қалжыңға үйір боп өскен азамат. Қашан да қасына кісі үйіріліп, әңгіме-дүкен құрып жүргені. «Атым орыс болғанмен, затым – қазақ» деп қойып, жанындағыларды күлкіге көмеді. Алматы облысы Қүрті ауданының атынан ақындар айтысына қатысқан суырып салмалылығы бар, табан астында тауын айтамын сөзсемсерлігі де елге мәлім. Бірнеше поэзиялық және прозалық кітаптардың авторы.



Бірде әлдебір қор құру туралы жиналыс болып, ұсыныс жасаған адам сөйлеп тұрып қайта-қайта «Көп түкірсе - көл» деп қайталай беріпті. Көпшілік қостамағанын білдіріп үндемеді. Сонда Мәкен:

– Иә, көп түкірсе – көл, түкірмей қойса – нөл, – деген екен.

Бірде бір топ азамат жиналып әңгімелесіп тұрғанда біреуі:

– «Мырза» деп сөйлендер. Қазір заман солай, – деп қайталай ескерте беріпті. Сонда Мәкен:

«Жолдас» кетіп баріміз «Мырза» болдық, Жыртық шалбар кисек те риза болдық, – деген екен.

Молоттың атқарып жүрген қызметін өткізіп беріп, үйде демалып жатқан кезі екен. Жора-жолдастары топ-тобымен келіп, халін біліп кетіп тұрады. Бірде ағасы Жолшы (Кеген аудандық «Хан тәңірі» газетінің редакторы) солардың үстінен түсіп:

– Мәкен-ай, мыналар неғып жүр?, – деп сұрайды. Сонда Молот:

– Жөке, жақында менің қызметім қайтыс болған. Бұл жігіттер соған көңіл айтып келіпті, – депті.

Молот бірде аудандық «Алтын дән» акционерлік банкінің меңгерушісі Бейсекенмен дастархандас болып қалыпты. Сөз кезегі келгенде оның іскерлігіне разы екенін білдіре келе:

«Арпа, бидай ас екен
Алтын, күміс тас екен»
Дәннен «Алтын» жасаған
Бейсекеннің басы... бас екен!, – деп «тамсаныпты».

Енді бірде тойда сөз алған нағашы қолында қызметі бар жиенін көріп, ұзақ-сонар мақтап тұрып алыпты. Сонда той басқарып жүрген Мәкен:

«Жиен ел болмайды,
Желке ас болмайды»
Деген мақал ескірді.
Оны шығарған нағашыға
Жиен бастық болған соң,
Көп ұзамай ес кірді, – деген екен.

Мәкен қойлы ауылды аралап жүріп, өзінің құрдасының үйіне түседі. Мал сойылып, алдына бас келгенде әзілдеп:

Бас тарттың, бата бердім,
Алды болғын аталы елдің,
Шаңырағың жанға,
Өрісің малға толып,
Келіншегіңнің қасында
Кәйіп ұстап жата бергін, – деген екен.

Енді бірде әріптестерінің арасында отырғанда:

Е, құдайым оңдасын,
Қызыр бабам қолдасын.
Дастарханға байлық берсін
Денге саулық берсін,
Бәріміз бюджеттеміз
Қысқармайтын айлық берсін, – деп бата беріпті.

Әңгімелерді әдеби
өңдеп құрастырған
Нүрәділ БЕГІМБЕТ



КІТАП ОҚУ – ТӘРБИЕНІҢ БАСТАУЫ

Егеменді еліміз тәуелсіз мемлекет мәртебесін алғаннан кейінгі негізгі мақсаттарының бірі жан-жақты дамыған, парасатты бүлдіршін тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – күн сайын жүргізілетін тынымсыз процесс.

Республикамызда қазіргі таңда бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөлініп келеді. Еліміз, жеріміз деген сүйіспеншілік балабақшадан бастап қаланады. Қоғам талабына сай балабақшадағы тәрбиеленушілердің ой – өрісін ертегі оқу арқылы дамытуда халық ертегілерінің маңызы зор. Балаларға ұнайтын ертегілерді оқып, сол ертегілердің кейіпкері болып кітап оқуға қызықтыру өтімді әдіс. Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жастайынан әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуге, елжанды болуға баулу. Бүгінгі бүлдіршіндер еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Бұл тәрбие балабақшадан бастап беріледі, ал баланы жан-жақты дамыту үшін әрі жеңіл, әрі қызықты, тез қабылдайтын тәрбие жолын таңдаумен қатар балаларға ертегі оқып, зейінін ашу бала бағбандарының міндеті. Осыған орай «2021 жыл Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында Үлкеншыған ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен «Келешек» балалар бақшасының мектеп алды даярлық тобымен бірге «Кішкентай маймыл», «Жоғалған доп», «Ұсқынсыз үйрек балапаны» атты ашылмалы ертегі кітаптар таныстырылды.

Гүлдана НҮРҒАЛИҚЫЗЫ,
Үлкеншыған ауылы.

	<p>«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ Меншік иесі: «БАҚ» ЖК Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕК Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ Бас редактордың орынбасары – Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ</p>	<p>➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген. ➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді. ➤ Газет индексі - 65161 ➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді. ➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым. ➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана</p>	<p>Мекен-жайымыз: Алматы облысы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер Тел.: 8/705/412-78-48; 8/705/277-16-91; 8/777/971-57-67 Газет екі аптада бір жарыққа шығады. Тапсырыс: №9115</p>
	<p>Газеттің эл.почтасы: jar-aina@mail.ru</p>		